Тексерілген күні: 02.23.2026
Әдіскер: [signature] А.А.Жумагалиева

**ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ**
**Наурыз ( 1 апта )**

Мектепке дейінгі ұйым: «Балбөбек және бөбекжайы»
Топ: аралас «Құлыншақ» (ерте жас- кіші).
Балалардың жасы:1- 2 жастағы балалар.
Қандай кезеңге жасалды (апта күндерін, айды, жылды көрсету): **02.03 - 06.03.2026ж.**
Наурыз «Тәуелсіздік және отаншылдық айы»

| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
|---|---|---|---|---|---|
| | **02.23.2026** | **03.03.2026** | **04.03.2026** | **05.03.2026** | **06.03.2026** |
| **Апта дәйек сөздері:«Адамды ұлт моделі деп айтуға болады. Біздің әрқайсымызға қарап бүкіл халыққа баға береді, бұл жалпылама қабылдау феномені. Өз ісінің шебері болсаң, халқың да құрметті болады. Міне, барлығына түсінікті патриотизм формуласы осы». Олжас Сүлейменов** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау.<br>«Күй күмбірі»<br>Күймен балаларды қарсы алу.<br>(музыка) | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | «Ізгіліктің ең азырағы – алғыс айту» челленджі (тәрбиеленушілердің, олардың ата-аналары қатысуымен).<br>Ару аналарға, қыздарға бейнелі құттықтауларды әзірлеу (апта бойы). | «Ізгіліктің ең азырағы – алғыс айту» челленджі (тәрбиеленушілердің, олардың ата-аналары қатысуымен).<br>Ару аналарға, қыздарға бейнелі құттықтауларды әзірлеу (апта бойы).<br>«Ананың аялы алақаны» ертеңгіліктері (аптада қабылданған кесте бойынша). | Ана туралы тақпақтарды үйрету маңызы.<br>«Ізгіліктің ең азырағы – алғыс айту» челленджі (тәрбиеленушілердің, олардың ата-аналары қатысуымен).<br>Ару аналарға, қыздарға бейнелі құттықтауларды әзірлеу (апта бойы). | «Ізгіліктің ең азырағы – алғыс айту» челленджі (тәрбиеленушілердің, олардың ата-аналары қатысуымен).<br>Ару аналарға, қыздарға бейнелі құттықтауларды әзірлеу (апта бойы). | «Ізгіліктің ең азырағы – алғыс айту» челленджі (тәрбиеленушілердің, олардың ата-аналары қатысуымен).<br>Ару аналарға, қыздарға бейнелі құттықтауларды әзірлеу (апта бойы).<br><br>"Балаға қар неге еритінін қалай түсіндіруге болады?" |
| **Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)** | «Өнегелі тәрбие»<br>Еңбекті бақылау, қарапайым еңбек тапсырмалары. Өсімдіктерге күтім жасау.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсаты: қоршаған ортадағы өсімдіктермен таныстыру. Ересектердің еңбегін бақылауға баулу. Ересектерге көмектесу ниетін қолдау. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерді бақылау, топырақтың құрғақ болғанына көңіл аудару, су құйғыш арқылы суаруды көрсету; ездігінен құюды қадағалау, | «Өнегелі тәрбие»<br>Еңбекті бақылау, қарапайым еңбек тапсырмалары. "Асханадағы көмекшілер".<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсаты: ересектердің еңбегін бақылауға баулу: тәрбиешінің көмекшісі ыдыс жуады, тамақ әкеледі, ересектердің әрекеттерді қалай орындап жатқанына балалардың назарын аудару. Ересектерге көмектесу ниетін қолдау. Қасықтарды табақшаның жанына салуды, майлық салғышты үстел ортасына қоюды үйрету. Кейбір ыдыс-аяқты атауға | «Өнегелі тәрбие»<br>Еңбекті бақылау, қарапайым еңбек тапсырмалары. Ойыншықтарды сөреге тізу (құрылыс материалдарды қорапқа салу).<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсаты: ересектердің еңбегін бақылауға баулу, ересектердің әрекеттерді қалай орындап жатқанына балалардың назарын аудару. Ересектерге көмектесу ниетін қолдау.<br>Сөредегі ойыншықтар мен құралдарды ретке келтіруге тарту; еңбек дағдыларын, ұқыптылықты | «Қауіпсіздік», «Өнегелі тәрбие»<br>Еңбекті бақылау, қарапайым еңбек тапсырмалары. Үлестірмелі материалдарды үстелдерге тарату (немесе жинау).<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсаты: ересектердің еңбегін бақылауға баулу, ересектердің әрекеттерді қалай орындап жатқанына балалардың назарын аудару. Ересектерге көмектесу ниетін қолдау. Ақ (түрлі түсті) парақтарды, төсеніштерді, таратпа заттармен табақшаларды таратуға (жинауға) үйрету. Құралдардың | Ұлттық сезім күні<br><br>«Өнегелі тәрбие»<br>Еңбекті бақылау, қарапайым еңбек тапсырмалары.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсаты: қоршаған ортадағы өсімдіктермен таныстыру. Ересектердің еңбегін бақылауға баулу. Ересектерге көмектесу ниетін қолдау. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерді бақылау, (аспидистра, фикус) үлкен жапырақтардың шаңын сүрту. |



Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | мақтау. Сөздік қорын еңбек әрекетін (жуу, сүрту, құю) білдіретін етістіктермен байыту.<br><br>«Менің Қазақстаным» Қазақстан Республикасының әнұранын тыңдату.<br>(музыка, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Міндеттер. Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға үйрету. Балалардың жалпы қабылданған моральдық-адамгершілік нормалар мен құндылықтарды меңгеруіне ықпал ету.<br><br>Тақпақты мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы. "Әже".<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсаты: балаларды, әженің суретіне қарап, тақпақты мұқият тыңдап, соңынан ілесіп, таныс сөздерді қайталауға ынталандыру; тілін, есте сақтау қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Құралдар: әженің суреті.<br>Әженің суретін балаларға көрсетіп, оған тақпақты айтып беруге ұсынады.<br>"Әже".<br>Әжем менің әлі де,<br>Ұқсамайды кәріге.<br>Шай қайнатып береді,<br>Біздің үйдің бәріне.<br>Н. Исахметов<br><br>Құрылыс материалдармен ойындар. "Мұнара".<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, құрастыру, тіл дамыту)<br>Мақсаты: заттарды және олармен әрекеттерді атау, заттық-бағдарлық әрекеттерді (қарау, тигізу, бұрау, ашу, белгілі бір | үйрету.<br><br>"Мозаика" үстел ойыны.<br>(сенсорика)<br>Мақсаты: балалардың көзбен қабылдау, есте сақтау, ойлау қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>Шарты: геометриялық пішіндерден салынған, көрсеткен қарапайым өрнек кілемшесін салу, көрсеткен үлгіге қарап, мозаика өрнегін құрастыру.<br>Құралдар: шаршы пішінді қатпа қағаздан жасалған кілемшелер, табақшаларда геометриялық пішіндердің жинақтамалары. Баладан қандай пішіндерді қолданып жатқанын сұрастыра алады.<br><br>Суреттерді қарастыру. Киімдер<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсаты:. заттарды және олармен әрекеттерді атау, оларды суреттерден тану. Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту. Балалардың сөздік қорын киімді білдіретін зат есімдермен байыту. Қоршаған әлемге қызығушылықты арттыру. | қалыптастыру. Ойыншықтар мен құралдарды тануға, атауға үйрету.<br><br>"Туған елдің көктемі" тақпағын мәнерлеп оқу, суретпен танысу.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсаты: балаларды көктем мезгілі туралы тақпақты тыңдап, қайталауға ынталандыру; жағымды эмоцияларға бөленуге үйрету; көктем мезгілі туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру.<br>Тақпақты оқу алдында, балалардың назарын аулаға (күн жылы болып, қар еріп жатса) немесе көктем мезгілі салынған пейзаж суретіне аударады.<br>Тақпақты мимиканың және қолдарының қатысуымен оқуға болады.<br>- Туды көктем!<br>Шулы көктем<br>Кең даланы оятты.<br>Күн қызуын құйды көктен,<br>Сең бұзылды, су ақты.<br>Ш. Мәмбетов<br><br>"Бір және көп ойыншықтар" ойын-жаттығуы.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет, сенсорика)<br>Мақсаты: балаларды зат есімдердің көпше түрде дұрыс қолданылуын ескеріп, сын есімдерді зат есімнің көпше түрімен сәйкестендіру.<br>Берілген заттардың 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып, түсі, көлемі, өлшемі бойынша әртекті заттарды салыстыру, заттардың санын анықтау (біреу-көп), әртүрлі көлемдегі заттарды атау.<br>Құралдар. Түсі, пішіні, көлемі, саны әртүрлі ойыншықтар.<br>Жауынның мысалы. | қауіпсіздігін қадағалау.<br><br>"Мозаика" үстел ойыны.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсаты: балалардың көзбен қабылдау, есте сақтау, ойлау қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>Шарты: геометриялық пішіндерден салынған, көрсеткен қарапайым өрнек кілемшесін салу, көрсеткен үлгіге қарап, мозаика өрнегін құрастыру.<br>Құралдар: шаршы пішінді қатпа қағаздан жасалған кілемшелер, табақшаларда геометриялық пішіндердің жинақтамалары.<br>Баладан қандай пішіндерді қолданып жатқанын сұрастыра алады.<br><br>Саусақ жаттығуы. "Тамшылар".<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет, дене тәрбиесі)<br>Мақсаты: балаларға сөздерді, сөз тіркестерін қосылып айтуға мүмкіндік беру. Қолды бүгіп, жазу, қолды шапалақтауды, саусақтарды бүгу және ашуды жетілдіру.<br>Қолдың ұсақ моторикасын, қуанышқа бөлену қабілеттерін дамыту.<br>Көк аспанға күн шықты,<br>(алақандарды айқастыра қосу, саусақтарды созу, алақандарды ары-бері бұрау)<br>Таратып мың шуақты.<br>Аппақ қарды ерітіп, (саусақтарды ашып, жұму, толқындар жасау)<br>Ағызып мың бұлақты.<br><br>Тамшыланып ағады, (саусақтармен үстел бетіне, тізеге кезек соққылау)<br>"Там-там-там" – деп соғады,<br>Шатырдан жерге түсіп, | "Күнге не ұқсайды?" дидак. ойыны.<br>(сенсорика, сурет салу, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсаты: өлшемдері әртүрлі геометриялық фигураларды, негұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру. Заттарды пішіні бойынша өз бетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру.<br>Балалардың күн, оның пішіні, түсі жайлы білімдерін бекіту, есте сақтауларын, логикалық ойлауларын дамыту.<br>«Күннің суретін сал» дидактикалық жаттығу.<br><br>Кір қыстырғыштармен дамытушы жаттығуы. «Күн»<br>(сенсорика)<br>Мақсаты: балаларды сөздік нұсқауға және үлгіге сүйене отырып тапсырмаларды орындауға ынталандыру; қимылдарды үйлестіруді, қолдың ұсақ моторикасын, «көз – қол» сенсомоторлық кеңістіктік координациясын дамыту; берілген нысанға сай нақты әрекеттерді орындауға жаттықтыру. |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тигізу, бұрау, ашу, белгілі бір объектіге арналған нақты әрекеттерді (бір текшені екіншісіне қою) орындауға баулу. Қарапайым ересектің көмегімен, өз бетінше құрастыру, жазықтықтағы құрылыстың орналасу нұсқаларымен таныстыру. Сөз тіркестерін құра білуге (зат есім + етістік). | | Жауынның мысалы.<br>Бір доп – көп доптар.<br>Бір дөңгелек доп – көп дөңгелек доптар.<br>Бір қызыл доп – көп жасыл доптар.<br>Бір үлкен доп – көп кішкентай доптар. | Шатырдан жерге түсіп,<br>Шалшық бетін қағады.<br>Д. Ахметова | |
| Ертеңгілік жаттығу | Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>(дене тәрбиесі, музыка)<br>1. "Биік үй саламыз" жаттығуы.<br>Бастапқы қалып тік тұру, қолды төменде ұстау.<br>1 - қолды жоғары созып, аяқтың ұшына тұру "Биік үй саламыз" деп айтқызу.<br>2 - бастапқы қалыпқа келу (4-5 рет).<br>2. "Кірпіштерді қалаймыз" жаттығуы.<br>Бастапқы қалып отырып аяқты бірге ұстау, қол тізеде.<br>1 - оң жаққа бұрылып, еденді текшемен ұру "Кірпіштерді қалаймыз" деп айтқызу.<br>2 - бастапқы қалыпқа келу (сол жаққа дәл осы жаттығу қайталанады).<br>3. "Шеге қағамыз" жаттығуы.<br>Бастапқы қалып тік тұру, қолды төменде ұстау.<br>1 - жерге отырып, текшелермен еденді ақырын тарсылдату "Шеге қағамыз" деп айтқызу.<br>2 - бастапқы қалыпқа келу (4-6 рет). | | | | |
| Таңғы ас | (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз)<br>Мақсаты: жуу алгоритмін бекіту. Ересектің бақылауымен бетін, қолын тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүртуді үйрету.<br>Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемеу, үстел басында дұрыс отыруды үйрету. Ас ішу құралдарын дұрыс қолдануды үйрету. Тамақ ішкеннен кейін беті-қолды жуғызу.<br>Қанеки, қыздар, қыздар,<br>Суға сүңгіп, шомылыңдар!<br>Шомылып-шомылып,<br>Жұмсақ шөпке қоныңдар! (Д. Ахметова)<br><br>Көркем сөз<br>Қасығымыз қайда?<br>Табақшамыз қайда?<br>Өзіме жақын тартайық,<br>Тамақты тауысып алайық, | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық | "Күй күмбірі": "Аққу - Нұргиса Тілендi (орындаған Ерболат Мұстафаев) https://kitap.kz/music/2/erbolat-mustafaevtyng-oryndauyndagy-kuyler<br>«Өнегелі»: Еңбек және мамандықтар. Тақырыбы: "Барлық мамандықтар маңызды". Міндеттері: балаларды мамандықтар иелерімен таныстыру; мамандықтар иелерінің суреттерін қарастыру; балалардың адамның еңбегіне қызығушылықты қалыптастыру; сюжетті ойындарды ұйымдастыру. Қауіпсіз жайлы дамытушы білім беру ортасын қалыптастыру. | | | | |
| | Таңғы сәлемдесу.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл | Саусақ жаттығуы. "Тамшылар".<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет, дене | Саусақ жаттығуы. "Дым да жоқ".<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет, | "Мөлдір су" тақпағын мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы (орыс тілінен | Тақпақты мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы. "Әже". |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мақсаты: балалардың жалпы қабылданған моральдық-адамгершілік нормалар мен құндылықтарды меңгеруіне ықпал ету. Басқа балалармен бірге, келісіп ойнауға, бір-біріне көмектесуге және жетістіктеріне бірге қуануға баулу. Жақын адамдарының жағдайын эмоционалды қабылдай білуге тәрбиелеу. Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға, өлеңді қайталауға ынталандыру.<br>Мақсаты: балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге тарту, сәлемдесу рәсіміне баулу; жақын тұрған балаларға көңіл аудартып, жылы шыраймен қабылдауға тәрбиелеу. Балалардың сөздік қорын көңіл-күйін (қуану, күлу, ренжу), адамдардың қарым-қатынасын (құшақтау, көмектесу) білдіретін етістіктермен байыту.<br>Қайырлы таң! Жаңа күн құтты болсын!<br>Мейірім мен жылулыққа орта толсын!<br>Жақсы бастап күнімізді қарсы алайық,<br>Көп жұмыс бітірейік, шаршамайық!<br>Түсіпжанова-Шагирова А. | Мақсаты: балаларға сөздерді, сөз тіркестерін қосылып айтуға мүмкіндік беру. Қолды бүгіп, жазу, қолды шапалақтауды, саусақтарды бүгу және ашуды жетілдіру. Қолдың ұсақ моторикасын, қуанышқа бөлену қабілеттерін дамыту.<br>Көк аспанға күн шықты, (алақандарды айқастыра қосу, саусақтарды созу, алақандарды ары-бері бұрау)<br>Таратып мың шуақты.<br>Аппақ қарды еритіп, (саусақтарды ашып, жұму, толқындар жасау)<br>Ағызып мың бұлақты.<br><br>Тамшыланып ағады, (саусақтармен үстел бетіне, тізеге кезек соққылау)<br>"Там-там-там" – деп соғады,<br>Шатырдан жерге түсіп,<br>Шалшық бетін қағады.<br>Д. Ахметова | Мақсаты: балаларға сөздерді, сөз тіркестерін қосылып айтуға мүмкіндік беру. Қолды бүгіп, жазу, қолды шапалақтауды, саусақтарды бүгу және ашуды жетілдіру. Қолдың ұсақ моторикасын, қуанышқа бөлену қабілеттерін дамыту.<br>Ала қанат сауысқан<br>Пісірді де көжені,<br>Тағиттарын тауысқан<br>Тойғызды көп шөжені.<br>Анаған берді,<br>Анаған берді,<br>Анаған берді,<br>Анаған берді,<br>Ал мынаған бермеді.<br>- Суға барған жоқсың сен,<br>Отын жарған жоқсың сен.<br>Көзін сапта көжеге,<br>Дым жоқ сендей шөжеге!<br>Х. Ерғалиев | (тіл дамыту және көркем әдебиет, дене тәрбиесі)<br>Мақсаты: балаларды авторлық шығармаларды тыңдауға үйрету. Оқып берулі суреттерді, қимылдарды көрсетумен сүйемелдеу. Балаларды өлеңді толық қайталауға ынталандыру.<br>Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев "Мөлдір су".<br>Мөлдір су, мөлдір су!<br>Сен менің бетім жу.<br>Отты көзім ойнасын,<br>Екі бетім жайнасын.<br>Күлкі кетпей ерімнен,<br>Тісім тастан таймасын! | Мақсаты: балаларды, әженің суретіне қарап, тақпақты мұқият тыңдап, соңынан ілесіп, таныс сөздерді қайталауға ынталандыру; тілін, есте сақтау қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Құралдар: әженің суреті.<br>Әженің суретін балаларға көрсетіп, оған тақпақты айтып беруге ұсынады.<br>"Әже".<br>Әжем менің әлі де,<br>Үқсамайды кәріге.<br>Шай қайнатып береді,<br>Біздің үйдің бәріне.<br>Н. Исахметов |
| **Кестеге сәйкес ҰІӘ** | **Ерте жас**<br>**Дене тәрбиесі**<br>"Мерген болайық"<br>Міндеттер; жүру және жүгіру дағдыларын нығайту: Бірінің соңынан бірі жүру әдісін қолдана отырып, шектеулі беткеймен жүру; шеңберде жүру және жүгіру; бір-бірімен соқтығыспай қозғалу; балаларды көлденең нысанаға лақтыруды үйрету. Денсаулықты нығайту. Дене | **Ерте жас**<br>**Музыка**<br>"Анам менің тамаша"<br>Міндеттер; балалардың дыбыстарды биіктігі бойынша ажырата білу қабілеттерін арттыру. Музыка жетекшісінің әніне еліктей отырып, әндегі фразалар бойынша ән айту қабілетін дамыту. Қазақтың халық аспаптарында орындалатын тыңдалған шығармаға эмоционалды жауап берулі дамыту. | **Ерте жас**<br>**Дене тәрбиесі**<br>"Шалшықтан аттап секірейік"<br>Міндеттер; балаларды орнынан тұрып жоғары қарай секіруге, жүру және жүгіру дағдыларын бекітуге жаттықтыру: бірінің соңынан бірі жүру әдісін қолдана отырып, шектеулі беткеймен жүру; шеңберде жүру және жүгіру; бір-бірімен соқтығыспай түрлі бағытта қозғалу. Денсаулықты нығайту. | **Ерте жас**<br>**Дене тәрбиесі**<br>"Тыныш отыр сұр қоян"<br>Міндеттер; бчылыныжкалаларды допты оң қолмен (сол) лақтырумен таныстыру, гимнастикалық тақтайда жүруге жаттықтыру, тепе-теңдік сақтай білу қабілеттерін дамыту және физикалық белсенділікке тәрбиелеу. Денсаулықты нығайту. Дене белсенділігін дамытуға жағдай | |



Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | белсенділігін дамытуға жағдай жасау. Жүруді, жүгіруді, лақтыруды жетілдіруге мүмкіндік беретін негізгі қимыл түрлерін дамыту. Дене шынықтыру әрекетін орындауға қызығушылықты арттыру. Қарапайым қауіпсіздік ережелерін сақтау. | | Дене белсенділігін дамытуға жағдай жасау. Жүруді, секіруді жетілдіруге мүмкіндік беретін негізгі қимыл түрлерін дамыту. Дене шынықтыру әрекетін орындауға қызығушылықты арттыру. Қарапайым қауіпсіздік ережелерін сақтау. | жасау. Жүруді, лақтыруды жетілдіруге мүмкіндік беретін негізгі қимыл түрлерін дамыту. Дене шынықтыру әрекетін орындауға қызығушылықты арттыру. Қарапайым қауіпсіздік ережелерін сақтау. | |
| | **Кіші топ**<br>**Дене тәрбиесі**<br>"Бұлақ көрсең, көзін аш".<br>Міндеттері: балаларды гимнастикалық орындықтың үстімен еңбектеуге үйрету; еңбектеу кезінде дене тепе-теңдігін сақтай отырып, өз дене мүшелерін игере білу қабілетін қалыптастыру; еңбектеу техникасының тәсілдерін меңгерту. Жалпы дамытушы жаттығуларды қайталату, балалардың денсаулығын нығайту. Негізгі қимыл түрлерін орындау сапасын жетілдіру. Қимылдарды үйлесімді орындауға үйретуді жалғастыру. | **Кіші топ**<br>**Музыка**<br>"Таза бұлақ".<br>Міндеттері: балаларды "Төлдер" әнінің сипатын ажыратып, дұрыс айта білуге үйрету; би ырғақтарын музыка әуеніне сай сай жасау қабілетін қалыптастыру; топпен жұмыс жасау дағдыларын тәрбиелеу. | **Кіші топ**<br>**Дене тәрбиесі**<br>"Құстармен шалшықтан аттаймыз".<br>Міндеттері: балаларды гимнастикалық орындықтың үстімен еңбектеу іскерліктерін пысықтау; еңбектеу кезінде дене тепе-теңдігін сақтау; еңбектеу техникасының тәсілдерін дамыту; гимнастикалық шеңберлермен орындалатын жалпы дамыту жаттығуларын жасату. Балалардың денсаулығын нығайту. Негізгі қимыл түрлерін орындау сапасын жетілдіру. Қимылдарды үйлесімді орындауға үйретуді жалғастыру. | **Кіші топ**<br>**Дене тәрбиесі**<br>"Бал бұлақ ".<br>Міндеттері; балаларды гимнастикалық орындықтың үстімен еңбектеу іскерліктерін дамыту; еңбектеу кезінде дене тепе-теңдігін сақтау; жаттығу кезінде епті болуға тәрбиелеу. Жалпы дамытушы жаттығуларды қайталату, балалардың денсаулығын нығайту. Негізгі қимыл түрлерін орындау сапасын жетілдіру. Қимылдарды үйлесімді орындауға үйретуді жалғастыру. | |
| | "Қандай пішіндер жасырынды?" дамытушы жаттығуы.<br>(сенсорика)<br>Мақсаты; балалардың түстерді, пішіндерді қабылдау, зейінін, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Құралдар: түрлі-түсті, көлемдері бірдей көрнекілік жеке геометриялық пішіндер модельдері: үшбұрыш, дөңгелек, шаршы.<br>- Балалар, пішіндер сендермен тығылмақ ойнайды. Қандай пішіндер тығылғандарын айтайықшы.<br>Кезегімен түстері бөлек екі немесе үш пішінді бір-бірінің артына | Тіл дамыту және көркем әдебиеттен ойын-жаттығулар.<br>"Қоянның үйшігі".<br>Мақсаты; балаларды "Қоянның үйшігі" ертегісімен таныстыра отырып, ертегі мазмұны бойынша эмоционалды жауап беруге талпындыру; шығарма мазмұнын зейін қойып, мұқият тыңдауға үйрету; кейіпкерлердің мінездері мен әрекеттері желісін бақылату. Балалардың тілін, танымын, қабылдау қабілетін, есте сақтауын дамыту. | Сурет салудан ойын-жаттығулар "Бұлақтар".<br>Мақсаты; балаларды тігінен орналасқан қағаз бетін бақылап, жоғарғы жақтағы ағаштардың көлеңкелерінен төмен, қағаз ортасынан бастап, төменгі жағын солдан оңға қарай жатқан иректерге, "бұлақтарға" толтыруға үйрету; қылқаламды бояуға малып, сол жақтағы нүктелердің біріне қойып, ұшымен иректеп, оң жақ шетке жеткізуге дағдыландыру; келесі иректерді, "бұлақтарды" біріншінің астына параллель салуға жаттықтыру; қылқалам түгін бояуға қайта малуға және | Қоршаған әлеммен таныстырудан ойын-жаттығулар.<br>"Бұлақ".<br>Мақсаты; балаларды табиғат құбылысын бақылау негіздеріне үйрету; аққан бұлақтың қозғалу ерекшеліктерін байқап, еріген қардан пайда болатын су туралы ұғымдарын қалыптастыру; балалардың жағымды эмоцияларға бөленулеріне жағдай жасау. | "Сықды-сыймайды" дамытушы ойыны.<br>(сенсорика)<br>Мақсаты: қимылдардың үйлесімділігін, қолдың ұсақ бұлшық еттерін, "көз бен қолдың" сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту. Заттарды көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру. Балаларды заттардың үлкен және кішкентай болуы туралы ұғымдарын қалыптастыру; үлкен және кішкентай ойыншықтарды, заттардың көлемдеріне сай үлкен және кішкентай қорапшаларға |



Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жасырады. Балалар пішіндердің көрінген бұрыштары мен қырларына қарап, пішіндерді атайды. | | жұмыстан кейін тіреушеге қою қабілетіне баулу; қардың көктемде еру қасиеті туралы түсініктер беру. | | жинауға жаттықтыру; дұрыс орындалған тапсырма нәтижесі жағымды әсер алу қабілетін дамыту. |
| **2-ші таңғы ас** | Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) | | | | |
| **Серуенге дайындық** | (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. Белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білуді қалыптастыру. Шкафтан далаға киетін аяқ киімін алу дағдысын қалыптастыру, көмек сұрау кезінде сөзбен өтініш білдіруді үйрету, қабылдау бөлмесінде салмақты болуды үйрету. Балаларда өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру, аяқ киімнің бауын тағуды үйрету, түймелеудің басқа түрлерін қолдануға жаттықтыру, (түймелер, жапсырғыштар, жүгіртпелер). Сөздік қорды киім, аяқкиім, жеке бас гигиенасы заттарын білдіретін зат есімдермен, қарама-қарсы мәндес әрекеттерді (ашу-жабу, кию-шешу, алу-салу) білдіретін сөздермен байыту.<br>«Қауіпсіздік». Балаларға "бұрыс", "дұрыс емес", "қауіпті" ұғымдарын қалыптастыру, серуенде, ойындарда қауіпсіздік ережелерін сақтау жайында ескерту.<br>Әжем қадап берген түймені,<br>Ешкім жұла алмайды, өйткені<br>Түйме ұясына кіреді,<br>Жымыңдап қарайды, күледі.<br>Түйме ұясынан шықпаса,<br>Еркінмен жүремін, жараса.<br>Түйме салынады, сондықтан<br>Мен бүгін қорықпаймын суықтан. (Д. Ахметова) | | | | |
| **Серуен** | **Картотека №** 5 | **Картотека №** 6 | **Картотека №** 12 | **Картотека №** 17 | **Картотека №** 9 |
| **Серуеннен оралу** | (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуді дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүртуді үйрету. Жеке заттарды қолдану (қол орамал, майлық, орамал, тарақ, түбек), киіміндегі олқылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіруді қалыптастыру. Сөздік қорды киім, аяқкиім, жеке бас гигиенасы заттарын білдіретін зат есімдермен, қарама-қарсы мәндес әрекеттерді (ашу-жабу, кию-шешу, алу-салу) білдіретін сөздермен байыту.<br>Қанеки, қаздар, қаздар,<br>Суға сүңгіп, шомылыңдар!<br>Шомылып-шомылып,<br>Жұмсақ шөпке қоныңдар! (Д. Ахметова) | | | | |
| **Түскі ас** | (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты аузыды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемеу, үстел басында дұрыс отыруды үйрету. Ас ішу құралдарын дұрыс ұстауға үйрету. Балалардың тәбетін ашу. Өздігінен тамақтануға ынталандыру.<br>Ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қоюға ынталандыру.<br>Қасығымыз қайда?<br>Табақшамыз қайда?<br>Өзіме жақын тартайық,<br>Тамақты таусып алайық. (Д. Ахметова) | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | (мәдени-гигиеналық дағдылар, тіл дамыту және көркем әдебиет, музыка)<br>Мақсаты: киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру.<br>Балалардың тыныш ұйқыға жатып, тәтті ұйықтауына жағымды жағдай туғызу.<br>Жағымды музыка әуенімен балаларды ұйықтату.<br>Балалардың жастарына сәйкес көркем шығармалар оқу. Балаларды бесік жырларын, халық әндерін, ертегілерін, авторлық шығармаларды тыңдауға үйрету. | | | | |



Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | "Бесік жыры" (халық ауыз әдебиеті).<br>"Әлди - әлди" әні.<br>Көзімнің ағы-карасы,<br>Жүрегімнің парасы,<br>Уайым-қайғы ойлатпас,<br>Көңілімнің сапасы.<br>Айналайын, шырағым!<br>Көлге біткен құрағым!<br>Маңдайдағы құндызым,<br>Аспандағы жұлдызым. | | | | |
| **Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары** | (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене тәрбиесі)<br>Біртіндеп оянудың жағымды жағдаяттарын ұйымдастыру. Жыл бойы медицина қызметкерінің жетекшілігімен балалардың денсаулығы мен жергілікті жағдайлар ескеріліп, табиғи факторларды (ауаны) пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру.<br>Шынықтыру шараларын өткізу кезінде балалардың денсаулық жағдайын ескеріп, жеке тәсілді жүзеге асыру.<br>Төсектегі жаттығулар. Ұйқыдан оянғанда бірден төсектен тұруға болмайды. Біртіндеп тұру қажет.<br>1. Балалар төсекте арқамен жатып, қолын жанына созады, демдерін еркін шығарады.<br>2. Балалар төсекте арқамен жатып, қолды екі жаққа созады, жұдырықтарын жұму, қолдарын алға созып айқастырады, демалады.<br>3. Балалар төсекте арқамен жатып, қолдарын бастарына қойып, кезекпен сол аяқтарын, оң аяқтарын көтереді, екеуін бірге ұстап, жайлап түсіреді.<br>4. Балалар төсекте арқамен жатып, қолдарын жанына ұстап, аяқтарын көтеріп "велосипед" тебеді<br>Төсектен тұрғызу. | | | | |
| **Бесін ас** | "Қолды қалай дұрыс жуу керек».<br>Сабынды қалай дұрыс ұстау, қолды сабындау, оны сүрту керектігін түсіндіру.<br>Қолды не үшін жуу керектігі жайлы сұрақ қойды. Кейін шараның орындалу ретін айтады, түсіндірме жасай отырып көрсету: Алдымен сабынның жан-жағын сипалаймыз, кейін оны сабын салғышқа салып алақанымызды сипаймыз — бірі екіншісін, енді саусақтарды айқастырып "кірпі" жасаймыз. Артынан қолды қалай сүрту керектігін көрсету.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар) | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | Ритмикалық ойын. "Би билеген баламыз".<br>(музыка, дене тәрбиесі)<br>Мақсаты; балаларды әуеннің ырғағына сай қимылдап, тақпақ - сөздерін айтуға ынталандыру; түйсікті, эмоциялық сфераны дамыту. - Жаттығу жасап көреміз, (адымдау) Қолды көкке көтереміз, (қолдар жоғары) Түсіріп белге төмен, (қол белде) Еңкейеміз, еңкейеміз. (оң-сол жаққа еңкею) Өкше қойып, басамыз, (оң жақ өкше, адымдау) Өкше қойып, басамыз. (сол жақ өкше, адымдау) Міне, қандай әдемі, (қол белде, бас шайқау) Би билеген баламыз. (шапалақтау) | "Мөлдір су" тақпағын мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет, дене тәрбиесі)<br>Мақсаты; балаларды авторлық шығармаларды тыңдауға үйрету. Оқып беруді суреттерді, қимылдарды көрсетумен сүйемелдеу. Балаларды өлеңді толық қайталауға ынталандыру. Балаларды өзін-өзі күту, беті-қолды жуу әдебіне үйрету; педагогтің соңынан көркемсөзді қайталап, жағымды әсерге бөленуге баулу.<br>Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев "Мөлдір су".<br>Мөлдір су, мөлдір су!<br>Сен менің бетім жу.<br>Отты көзім ойнасын,<br>Екі бетім жайнасын.<br>Күлкі кетпей ерімнен, | "Мен Бауырсақпын" тақпағын мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет, дене тәрбиесі)<br>Мақсаты; балалардың тілін дамыту, есте сақтау, тақпақты айта отырып, жағымды эмоцияларға бөлене білу қабілеттерін дамыту; "Бауырсақ" кейіпкерінің сөздерін пысықтау.<br>Бауырсақтың "Бауырсақ" ертегісі кейіпкерлерінің жеке суреттерін немесе ойыншықтарын қолдануға болады.<br>- Мен Бауырсақпын, Бауырсақ,<br>Қып-қызыл болып піскен.<br>Қоймадан сыпырылған,<br>Бұрыштардан жиналған,<br>Қаймаққа аунатылған, | Музыкадан ойын-жаттығулар.<br>"Бұлақ сылдыры".<br>Мақсаты; балаларды "Төлдер" әнінің сипатын ажыратып, эмоционалды жауап беруге ынталандыру; би ырғақтарын музыка әуеніне сай жасауға дағдыландыру.<br><br>"Пирамиданы құраймыз" ойыны.<br>(сенсорика)<br>Мақсаты; берілген заттардың 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып, түсі, көлемі, өлшемі бойынша әртекті заттарды салыстыру, заттардың санын ажырату (біреу-көп); "көз бен қолдың" сенсомоторлық кеңістіктік | Суреттерді қарастыру. Киімдер<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсаты; заттарды және олармен әрекеттерді атау, оларды суреттерден тану. Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту. Балалардың сөздік қорын киімді білдіретін зат есімдермен байыту. Қоршаған әлемге қызығушылықты арттыру.<br><br>"Бір және көп ойыншықтар" ойын-жаттығуы.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет, сенсорика)<br>Мақсаты; балаларды зат есімдердің көпше түрде дұрыс қолданылуын |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | "Не қандай?" ойын-жаттығу.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсаты; балалардың сөздік қорын ойыншық заттарын білдіретін зат есімдермен байыту; сөз тіркестерін құра білуге (сын есім + зат есім) үйрету.<br>Ойыншықтар әлеміне қызығушылықты арттыру.<br><br>Мүсіндеу техникасын жетілдіру жаттығуы.<br>(мүсіндеу)<br>Мақсаты; қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру: кесені, тостағанды, табақты мүсіндеуде пішінінің жоғары бөлігін саусақпен басып, тереңдету, кесектерді біріктіру, қуыршаққа арналған әшекейлерді (білезік, жүзік, қол сағат) мүсіндеу, заттардың ұқсастықтарын табу. | Тісім тастан таймасын!<br><br>"Күнге не ұқсайды?" дидактикалық ойыны.<br>(сенсорика, сурет салу, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсаты; өлшемдері әртүрлі геометриялық фигураларды, негұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру. Заттарды пішіні бойынша өз бетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру. Балалардың күн, оның пішіні, түсі жайлы білімдерін бекіту, есте сақтауларын, логикалық ойлауларын дамыту.<br>«Күннің суретін сал» дидактикалық жаттығу. | Ыстықтан суытылған.<br>(Әуеннің сөзсіз орындалуы)<br>– Ол атадан қашып кеткен,<br>Ол әжеден қашып кеткен,<br>Ол қояннан қашып кеткен,<br>Ол қасқырдан қашып кеткен.<br>– Ал, сенен, маймақ аю,<br>Қашып кету қиын емес.<br><br>"Қандай пішіндер жасырынды?" дамытушы жаттығуы.<br>(сенсорика)<br>Мақсаты; балалардың түстерді, пішіндерді қабылдау, зейінін, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Құралдар: түрлі-түсті, көлемдері бірдей көрнекілік жеке геометриялық пішіндер модельдері: үшбұрыш, дөңгелек, шаршы.<br>- Балалар, пішіндер сендермен тығылмақ ойнайды. Қандай пішіндер тығылғандарын айтайықшы.<br>Кезегімен түстері бөлек екі немесе үш пішінді бір-бірінің артына жасырады. Балалар пішіндердің көрінген бұрыштары мен қырларына қарап, пішіндерді атайды. | үйлесімділігін дамыту;<br>қабылдауды, ойлауды дамыту.<br>Түрлі-түсті шеңберлерден,<br>Пирамида құраймын,<br>Ең үстіңгі түсті алып,<br>Қайта кілемге шашамын.<br><br>Жапсырудан жаттығулар.<br>Фланелеграфта шарларды орналастыру.<br>(жапсыру)<br>Мақсаты; жапсыруға қызығушылықты ояту. Жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз) үйрету. Фланелеграфта геометриялық қазақтың ұлттық оюорнектерін орналастыру.<br>Бейнелерді фланелеграфта (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қойып, құрастыруға, ересектермен бірге түстерді таңдауға (қарама-қарсы түстер) үйрету. | ескеріп, сын есімдерді зат көпше түрімен сәйкестендіру.<br>Берілген заттардың 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып, түсі, көлемі, өлшемі бойынша әртекті заттарды салыстыру, заттардың санын жинақтау (біреу-көп), әртүрлі көлемдегі заттарды атау.<br>Құралдар. Түсі, пішіні, көлемі, саны әртүрлі ойыншықтар.<br>Жауаптың мысалы.<br>Бір доп – көп доптар.<br>Бір дөңгелек доп – көп дөңгелек доптар.<br>Бір қызыл доп – көп жасыл доптар.<br>Бір үлкен доп – көп кішкентай доптар. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | «Құстар мен жел»<br>Мақсаты: Табиғат дыбыстарына еліктеу, тыныс алуды реттеу.<br>Ойын барысы: Баламен бірге терезеге қарап отырып немесе далада ойнауға болады:<br>«Жел тұрды, ағаштар теңселді: ш-ш-ш-ш» — қолды жоғары көтеріп, желдің дыбысын салу.<br>«Кішкентай торғайлар ұшып келді: шик-шик, шық-шық» — саусақтармен «тұмсық» жасап, дыбыстау.(қоршаған ортамен таныс)<br>Ауткурен | "Әдемі кілемшелер" дидактикалық ойыны.<br>Мақсаты: бөліктерден кілемше жасауға үйрету; қабылдау, ес, зейін үрдістерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>(сенсорика)<br>Ауткау | "Айналайын анашым" тақпағын мәнерлеп оқу.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсаты, балаларды авторлық шығармаларды тыңдауға үйрету.<br>Оқып беруді суреттерді, қимылдарды көрсетумен сүйемелдеу. Балаларды өлеңді толық қайталауға ынталандыру.<br>Айналайын анашым,<br>Әлпештеген мамашым,<br>Еміп өскен бөбекпіз,<br>Маматайдың мамасын.<br><br>Ай қабақты анашым, | Саусақпен және алақанмен сурет салу<br>2 жастағы бала үшін ең жақсы қылқалам (кисточка) — оның өз саусақтары мен алақаны. Бұл үшін арнайы саусақ бояуларын (пальчиковые краски) қолданған жөн (олар қауіпсіз әрі оңай жуылады).(сурет салу)<br>Толмуш Г | «Көлеңкеден секіру»<br>Мақсаты: Таза ауада белсенді қозғалу, D дәруменін алу (күн көзінде) және жүрек-қан тамырлары жұмысын жақсарту.<br>Ойын барысы: Күн ашық күні далада жүргенде балаға ағаштардың, үйлердің немесе өзіңіздің көлеңкеңізді көрсетіңіз. «Қарашы, мынау ұзын көлеңке! Қане, одан секіріп өтейік!» деп бірге жүгіріп, секіру. Белсенді қозғалыс баланың тәбетін ашып, ұйқысын жақсартады.(дене тәрбиесі) |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Күн сәулесі мамашым,<br>Ақ сүтімен суардың<br>Бөбегіңнің санасын.<br>М. Хәкімжанова | | |
| **Серуенге дайындық** | (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. Белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білуді қалыптастыру. Шкафтан далаға киетін аяқ киімін алу дағдысын қалыптастыру, көмек сұрау кезінде сөзбен өтініш білдіруді үйрету, қабылдау бөлмесінде салмақты болуды үйрету. Балаларда өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру, аяқ киімнің бауын тағуды үйрету, түймелеудің басқа түрлерін қолдануға жаттықтыру, (түймелер, жапсырғыштар, жүгіртпелер).<br>«Қауіпсіздік». Балаларға "бұрыс", "дұрыс емес", "қауіпті" ұғымдарын қалыптастыру, серуенде, ойындарда қауіпсіздік ережелерін сақтау жайында ескерту.<br>Әжем қадап берген түймені,<br>Ешкім жұла алмайды, өйткені<br>Түйме ұясына кіреді,<br>Жымыңдап қарайды, күледі.<br>Түйме ұясынан шықпаса,<br>Еркінмен жүремін, жараса.<br>Түйме салынады, сондықтан<br>Мен бүгін қорықпаймын суықтан. (Д. Ахметова) | | | | |
| **Серуен** | Картотека № 6 | Картотека № 8 | Картотека № 19 | Картотека № 10 | Картотека № 3 |
| **Серуеннен оралу** | (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуді дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүртуді үйрету. Жеке заттарды қолдану (қол орамал, майлық, орамал, тарақ, түбек), киіміндегі олқылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіруді қалыптастыру.<br>Қанеки, қаздар, қаздар,<br>Суға сүңгіп, шомылыңдар!<br>Шомылып-шомылып,<br>Жұмсақ шөпке қоныңдар! (Д. Ахметова) | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | "Ана туралы тақпақтар"<br>«Ізгіліктің ең азырағы – алғыс айту» челленджі (тәрбиеленушілердің, олардың ата-аналары қатысуымен).<br>Ару аналарға, қыздарға бейнелі құттықтауларды әзірлеу (апта бойы). | "Ана туралы тақпақтар"<br>«Ізгіліктің ең азырағы – алғыс айту» челленджі (тәрбиеленушілердің, олардың ата-аналары қатысуымен).<br>Ару аналарға, қыздарға бейнелі құттықтауларды әзірлеу (апта бойы). | "Баланы көктем құбылыстарын бақылауға үйрету, байқату"<br>«Ізгіліктің ең азырағы – алғыс айту» челленджі (тәрбиеленушілердің, олардың ата-аналары қатысуымен).<br>Ару аналарға, қыздарға бейнелі құттықтауларды әзірлеу (апта бойы). | «Ізгіліктің ең азырағы – алғыс айту» челленджі (тәрбиеленушілердің, олардың ата-аналары қатысуымен).<br>Ару аналарға, қыздарға бейнелі құттықтауларды әзірлеу (апта бойы). | "Балаға қар неге еритінін қалай түсіндіруге болады?"<br>«Ізгіліктің ең азырағы – алғыс айту» челленджі (тәрбиеленушілердің, олардың ата-аналары қатысуымен).<br>Ару аналарға, қыздарға бейнелі құттықтауларды әзірлеу (апта бойы). |

**Тәрбиешілер : Фатхоллина А.Ж Исмагулова Д.Г**



Scanned with CamScanner

Тексерілген күні: 6.03.2026
Әдіскер: [signature] А.А.Жумагалиева

**ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ**

**Наурыз айы (2апта)**

Мектепке дейінгі ұйым : «Балбөбек жеке бөбекжайы»
Топ: аралас «Құлыншақ» (ерте жас- кіші).
Балалардың жасы: 2 жастағы балалар.
Қандай кезеңге жасалды (апта күндерін, айды, жылды көрсету): **10.03 – 13.03.2026ж.**
**Наурыз «Тәуелсіздік және отаншылдық айы»**

| Апта күндері | *Дүйсенбі* | *Сейсенбі* | *Сәрсенбі* | *Бейсенбі* | *Жұма* |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **10.03.2026** | **11.03.2026** | **12.03.2026** | **13.03.2026.** |
| **Апта дәйек сөздері:«Өз ана тілінде сөйлеп, өзінің төл әдебиетін сақтаған халықтың ғана еркін өмір сүруге құқы болатынын әрдайым естен шығармау керек …» Ахмет Байтұрсынов** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау** | | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.<br><br>«Күй күмбірі»<br>Күймен балаларды қарсы алу.<br>(музыка) | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | | "Баланы көктем құбылыстарын бақылауға үйрету, байқату"<br><br>Үлкендердің еңбегімен танысу үшін ұйымдастырылған іс-шаралар (ас әзірлеушімен, аула тазалаушымен, көмекшімен кездесу) (апта бойы келісілген жоспар бойынша). | "Баланы көктем құбылыстарын бақылауға үйрету, байқату".<br><br>Үлкендердің еңбегімен танысу үшін ұйымдастырылған іс-шаралар (ас әзірлеушімен, аула тазалаушымен, көмекшімен кездесу) (апта бойы келісілген жоспар бойынша). | "Балаға қар неге еритінін қалай түсіндіруге болады?"<br><br>Үлкендердің еңбегімен танысу үшін ұйымдастырылған іс-шаралар (ас әзірлеушімен, аула тазалаушымен, көмекшімен кездесу) (апта бойы келісілген жоспар бойынша). | "Баланы көктем құбылыстарын бақылауға үйрету, байқату".<br><br>"Балаға қар неге еритінін қалай түсіндіруге беолады?" |
| **Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименттальқ, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және** | | «Өнегелі тәрбие»<br>Еңбекті бақылау, қарапайым еңбек тапсырмалары. Ойыншықтарды сөреге тізу (құрылыс материалдарды қорапқа салу).<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>**Мақсаты:**ресектердің еңбегін бақылауға баулу, ересектердің әрекеттерді қалай орындап жатқанына балалардың назарын аудару. Ересектерге көмектесу ниетін қолдау. | «Өнегелі тәрбие»<br>Еңбекті бақылау, қарапайым еңбек тапсырмалары. Өсімдіктерге күтім жасау.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>**Мақсаты:**оршаған ортадағы өсімдіктермен таныстыру.<br>Ересектердің еңбегін бақылауға баулу.<br>Ересектерге көмектесу ниетін қолдау.<br>Табиғат бұрышындағы өсімдіктерді бақылау, топырақтың құрғақ болғанына көңіл аудару, су құйғыш | «Қауіпсіздік», «Өнегелі тәрбие»<br>Еңбекті бақылау, қарапайым еңбек тапсырмалары. Үлестірмелі материалдарды үстелдерге тарату (немесе жинау).<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>**Мақсаты:**ересектердің еңбегін бақылауға баулу, ересектердің әрекеттерді қалай орындап жатқанына балалардың назарын аудару.<br>Ересектерге көмектесу ниетін қолдау.<br>Ақ (түрлі түсті) парақтарды, | Ұлттық сезім күні<br><br>«Өнегелі тәрбие»<br>Еңбекті бақылау, қарапайым еңбек тапсырмалары.<br>"Асханадағы көмекшілер".<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>**Мақсатыересектердің** еңбегін бақылауға баулу: тәрбиешінің көмекшісі ыдыс жуады, тамақ әкеледі, ересектердің |



Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **басқалары)** | | Сөредегі ойыншықтар мен құралдарды ретке келтіруге тарту; еңбек дағдыларын, ұқыптылықты қалыптастыру. Ойыншықтар мен құралдарды тануға, атауға үйрету.<br><br>Ойын-имитация. "Әлди, әлди!"<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>**Мақсаты:**балалардың ырғақты есту қабілетін, дыбыстық тіл мәдениетін дамыту; көркем сөзді айта тұрып, ойыншықпен қимылдау, қуанышқа бөлену қабілетін қалыптастыру.<br>Құралдар: қуыршақтар немесе балаларға ұнамды кейіпкер ойыншықтар.<br>Педагог балаларға ойыншықтарын қолға алып, еркін тербету қимылдарын жасауға мүмкіндік береді. Содан соң педагог тақпақты мәнерлеп айта тұрып, балаларды бірге қосылуға тартады.<br>- Әлди, әлди!<br>Әлди, әлди, бөпешім,<br>Ән сап берем, келе ғой.<br>Жыламашы, көкешім,<br>Жұбатқанға көне ғой.<br><br>Ұйқың келсе, бөлейін,<br>Тербетейін есікке,<br>Қаз-қаз басшы, көрейін,<br>Барып келші есікке.<br>С. Әлімқұлов<br><br>«Кәмпитті қағазға ораймыз» дамытушы жаттығуы.<br>(сенсорика, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>**Мақсаты:**балаларды сөздік нұсқауға және үлгіге сүйене отырып тапсырмаларды орындауға ынталандыру;<br>қимылдарды үйлестірулі, қолдың ұсақ моторикасын, «көз – қол» сенсомоторлық кеңістіктік | арқылы суаруды көрсету; өздігінен құюды қадағалау, мақтау. Сөздік қорын еңбек әрекетін (жуу, суару, құю) білдіретін етістіктермен байыту.<br><br>Саусақ жаттығуы. "Бесік жыры"<br>(халық ауызынан)<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет, дене тәрбиесі)<br>**Мақсаты:**балаларға сөздерді, сөз тіркестерін қосылып айтуға мүмкіндік беру. Қолды бүгіп, жазу, қолды шапалақтауды, саусақтарды бүгу және ашуды жетілдіру. Қолдың ұсақ моторикасын, қуанышқа бөлену қабілеттерін дамыту.<br>Педагог алақанын ашып, қолын балаларға қаратып, көркем сөзді айта отырып, кезегімен саусақтарын бүгеді. Балалар жаттығудың үлгісін көргеннен кейін педагогке ілесіп қайта орындайды, тақпақты жатқа айтуға тырысады.<br><br>"Бесік жыры".<br>Әлди, әлди, ақ бөпем,<br>Ақ бесікке жат, бөпем.<br>Жілік шағып берейін,<br>Майын жесең, тоясың,<br>Жылауыңды қоясың.<br><br>Суреттерді қарастыру. Ыдыстар<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру, сенсорика)<br>**Мақсаты:** заттарды және олармен әрекеттерді атау, оларды суреттерден тану. Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту. Балалардың сөздік қорын ыдыс заттарын білдіретін зат есімдермен байыту. Қоршаған әлемге қызығушылықты арттыру. Ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындауға | түсініктерді, тарата заттармен табақшаларды таратуға (жинауға) үйрету. Құралдардың қауіпсіздігін қадағалау.<br><br>"Шелпек" тақпағын мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>**Мақсаты:** балалардың тілін дамыту, денсаулықты сақтау қағидаларына тәрбиелеу, қолдарды таза ұстауға баулу.<br>Педагог балаларға шелпектердің жасанды пішіндерін табақшаға салып қойып, көрсетуі мүмкін.<br>- Балалар, қарыңдарым.<br>- Біреу табақшаға бізге сыйлар әкеліп қойған сияқты. Бұл не?<br>- Иә, шелпектер.<br>- Шелпекті жеу алдында біз не істейміз?<br>- Дұрыс, қолды жуамыз.<br>- Балалар, ал Әли қолын әлі де жумапты.<br>- Әлиге тақпақты айтып берейікші.<br>Әли жеңіске жетпек,<br>Тәртіпті емес, тентек.<br>Жуылмаған қолында,<br>Ай-ай-ай, майлы шелпек.<br>Тақпақты қимылдармен сүйемелдеуге болады.<br><br>"Кімдікі? Онымен не істейді?" дамытушы ойыны.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>**Мақсаты:**ересектердің сөзін түсінуге, қарапайым сұрақтарға жауап беруге, өз ойын айтуға үйрету; зат есім, етістікті қолдануға үйрету. Заттардың кімге қажет екенін анықтау; байланыстырып сөйлеу, есте сақтау қабілетін дамыту. Заттарды және олармен әрекеттерді атауға ынталандыру. | әрекеттерді қалай орындап жатқанына балалардың назарын аудару. Ересектерге көмектесу ниетін қолдау. Қасықтарды табақшаның жанына салуды, майлық салғышты үстел ортасына қоюды үйрету. Кейбір ыдыс-аяқты атауға үйрету.<br><br>"Туған елдің көктемі" тақпағын мәнерлеп оқу, суретпен танысу.<br>(тіл дамыту мен көркем әдебиет)<br>**Мақсаты:**балаларды көктем мезгілі туралы тақпақты тыңдап, қайталауға ынталандыру; жағымды эмоцияларға бөленуге үйрету; көктем мезгілі туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру.<br>Педагог тақпақты оқу алдында, балалардың назарын аулаға (күн жылы болып, қар еріп жатса) немесе көктем мезгілі салынған пейзаж суретіне аударады.<br>Тақпақты мимиканың және қолдарының қатысуымен оқуға болады.<br>- Туды көктем!<br>Шулы көктем<br>Кең даланы оятты.<br>Күн қызуын құйды көктен,<br>Сең бұзылды, су ақты.<br>Ш. Мәмбетов<br><br>"Сыйды-сыймайды" дамытушы ойыны.<br>(сенсорика)<br>**Мақсаты:** қимылдардың үйлесімділігін, қолдың ұсақ бұлшық еттерін, "көз бен қолдың" сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | координациясын дамыту;<br>берілген нысанға сай нақты әрекеттерді орындауға жаттықтыру.<br>Құрал-жабдықтар: шағын текшелер, цилиндрлер, шарлар, қағаз. | ынталандыру. | | дамыту. Заттарды көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру. Балаларды заттардың үлкен және кішкентай болуы туралы ұғымдарын қалыптастыру; үлкен және кішкентай ойыншықтарды, заттардың көлемдеріне сай үлкен және кішкентай қорапшаларға жинауға жаттықтыру; дұрыс орындалған тапсырма нәтижесінен жағымды әсер алу қабілетін дамыту. |
| **Ертеңгілік жаттығу** | Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>(дене тәрбиесі, музыка)<br>1. Бастапқы қалып: жерде аяқтың арасын ашып отырып, шеңберді екі қолмен ұстау.<br>1–1 шеңберлерді қолды бүкпей, бастан жоғары көтеру;<br>1–2 ныққа салып, басқа кию;<br>1–3 бастапқы қалыпқа келу (4-5 рет қайталау).<br><br>2. Бастапқы қалып: тік тұрып, құрсауларды екі қолымен төменде ұстау.<br>2–1 қолды жоғары көтеріп, шеңбер ұстаған қолды бетке жақындатып, басқа кигізу;<br>2–2 бастапқы қалыпқа келу (3-4 рет қайталау).<br><br>3. Бастапқы қалып: жерде отырып, аяқты бірге қою, шеңберді екі қолмен ұстап, тізенің үстіне қою.<br>3–1 оң жаққа бұрылып, шеңберді жерге қою;<br>3–2 тіктелу;<br>3–3 сол жаққа бұрылып, шеңберді жерге қою;<br>3–4 бастапқы қалыпқа келу ( 3-4 рет қайталау).<br><br>4. Бастапқы қалып: аяқты бірге қою, құрсауды екі қолмен ұстау.<br>4.–1 бір бағытта жеңіл секіру;<br>4–2 бастапқы қалыпқа келу ( 3-4 рет қайталау). | | | | |
| **Таңғы ас** | (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз)<br>Мақсаты:жуу алгоритмін бекіту. Ересектің бақылауымен бетін, қолын тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүртуді үйрету.<br>Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты аузды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемеу, үстел басында дұрыс отыруды үйрету.<br>Ас ішу құралдарын дұрыс қолдануды үйрету. Тамақ ішкеннен кейін беті-қолды жуғызу.<br>Алақандар қайда?<br>Тығылыпты сайда.<br>Қане, суға тосайық,<br>Жуынайық. (Д. Ахметова) | | | | |



Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Көркем сөз<br>- Алақай! Алақай!<br>Барамыз дастарханға қарай:<br>Ботқамыз дәмді, аппақ,<br>Болмаймыз саттық.<br>Қасықпен алайық,<br>Асықпай асайық. | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық** | "Күй күмбірі": "Қара жорға" - Жолды (орындаған Мүсілім Амзе) https://kitap.kz/music/2/kokbalak-musilim-amzening-oryndauyndagy-kuyler<br>«Өнегелі»: Қарым-қатынас өнері. Тақырыбы: "Дос болу және қарым-қатынас жасау деген не?" Мақсаты: балалардың топтас балаларға жағымды көзқарасты қалыптастыру, көркем шығармаларды оқу арқылы достыққа тәрбиелеу. | | | | |
| | | «Ғажайып дорба» ойыны.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>**Мақсаты** :балалардың сөздік қорын: ойыншық, киім, аяқкиім, ыдыс, жиһаз, көкөніс пен жеміс, үй жануарлары мен олардың төлдерінің атауларын, көлік құралдарын және жеке бас гигиенасы заттарын білдіретін зат есімдермен байыту. Заттарды және олармен әрекеттерді атау, оларды суреттерден тану. Заттық-бағдарлық әрекеттерді (қарау, тигізу, бұрау, ашу) орындау. | Қуаныш шеңбері<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет, музыка)<br>**Мақсаты**:балалардың жалпы қабылданған моральдық-адамгершілік нормалар мен құндылықтарды меңгеруіне ықпал ету. Басқа балалармен бірге, келісіп ойнауға, бір-біріне көмектесуге және жетістіктеріне бірге қуануға баулу. Жақын адамдарының жағдайын эмоционалды қабылдай білуге тәрбиелеу. Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға, педагогтің көмегімен өлеңді қайталауға ынталандыру.<br><br>Шаттанамын, күлемін,<br>Бақытты боп жүрмін.<br>Қатар тұрар шеңберде,<br>Досым көбін білемін. | Қуаныш шеңбері<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет, музыка)<br>**Мақсаты**: балалардың жалпы қабылданған моральдық-адамгершілік нормалар мен құндылықтарды меңгеруіне ықпал ету. Басқа балалармен бірге, келісіп ойнауға, бір-біріне көмектесуге және жетістіктеріне бірге қуануға баулу. Жақын адамдарының жағдайын эмоционалды қабылдай білуге тәрбиелеу. Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға, педагогтің көмегімен өлеңді қайталауға ынталандыру.<br><br>Кел, балалар, күлейік,<br>Күлкіменен түлейік.<br>Қабақ түю не керек?<br>Көңілді боп жүрейік! | (тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>**Мақсаты** :балалардың сөздік қорын көңіл-күйін (қуану, күлу, ренжу), адамдардың қарым-қатынасын (құшақтау, көмектесу) білдіретін етістіктермен байыту.<br>- Құтты болсын Наурыз!<br>Қуанамыз бәріміз!<br>Наурыз көктеммен келді,<br>Бәрекелді! |
| **Кестеге сәйкес ҰІӘ<br>Ерте жас** | | **Музыка**<br>"Әжемізге қонаққа барайық"<br>Міндеттер:музыка жетекшісі көрсеткен қимылдарды қабылдау және қайталау қабілетін дамытуды жалғастыру. Балаларды жаңа әнмен және бимен таныстыру. Балаларды ойын жағдайына белсенді қатысуға шақырыңыз. | **Дене тәрбиесі**<br>"Қазақ халқының ұлттық ойыны"<br>Міндеттері:балаларды еңбектеу және таяқша (арқанның) астынан жорғалап өтуге жаттықтыру, гимнастикалық орындықта жүру қабілетін бекіту, кеңістікті бағдарлай білуін, тепе-теңдікті сақтау сезімін дамытуға ықпал ету. Денсаулықты нығайту. Дене белсенділігін дамытуға жағдай жасау. Жүруді, еңбектеуді жетілдіруге мүмкіндік беретін негізгі қимыл түрлерін дамыту. Дене тәрбиесі | **Дене тәрбиесі**<br>"Қарлығалар мен қарлығаштар"<br>Міндеттері:<br>балаларды бірінен кейін бірі гимнастикалық орындықта жүруге жаттықтыру, орындыққа шығып, түсуді үйрету; гимнастикалық орындықта еңбектеп жүру; кеңістіктегі тепе-теңдік пен бағдар сезімін дамытуға ықпал ету. Денсаулықты нығайту. Дене белсенділігін дамытуға жағдай жасау. Дене шынықтыру әрекетін орындауға қызығушылықты | |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | әрекетін орындауға қызығушылықты арттыру. Қарапайым қауіпсіздік ережелерін сақтау. | арттыру. Қарапайым қауіпсіздік ережелерін сақтау. | |
| **Кіші топ** | | **Музыка**<br>"Наурыз – жыл басы".<br>**Мақсаты:**балаларды музыканың ырғағын ажырата білу қабілеттеріне үйрету; таныс аспаптар дыбыстарын ажырата білу қабілеттерін қалыптастыру; ырғақты қимылдарды есте сақтай отырып,әуенмен орындай білуге үйрету; хорда өлең айта білуге үйрету; ойындарды ережесін сақтап ойнауға үйрету; қол, саусақ қимылдарын педагогтың көрсетуі бойынша қайталауға үйрету; тыныс алу жаттығуларын дұрыс орындай білуге үйрету; оркестрлық ұжымға деген қызығушылығын тудыру; Наурыз мерекесі туралы түсінік беру. | **Дене тәрбиесі**<br>"Арқан тарту".<br>**Мақсаты:**балаларды еденге қойылған арқан бойымен түзу жүруге үйрету; арқан бойымен жүру кезінде бірінің артынан бірін жүруге және арқаннан шықпай жүруге дағдыландыру; түзу жүру кезінде аяқты кезекпен бірінің артынан бірін қойып жүрудің тәсілдерін меңгерту. Жалпы дамытушы жаттығуларды педагогтің соңынан қайталату, балалардың денсаулығын нығайту. Негізгі қимыл түрлерін орындау сапасын жетілдіру. | **Дене тәрбиесі**<br>"Түзу арқан".<br>**Мақсаты:**балаларды қолдарындағы гүлдерімен шеңбер бойымен салтанатты адымдап, мерекеге сай көңілді жүргізу және шашырай жүгірту; еденге қойылған арқан бойымен түзу жүру және арқан бойымен жүру кезінде бірінің артынан бірін жүруге, арқаннан шықпай жүру іскерліктерін бекіту. Жалпы дамытушы жаттығуларды педагогтің соңынан қайталату, балалардың денсаулығын нығайту. Негізгі қимыл түрлерін орындау сапасын жетілдіру. | |
| | | Тіл дамыту және көркем әдебиеттен ойын-жаттығулар.<br>"Құмырщқ Дананы Наурыз мерекесінің дастарқанына шақырайық".<br>**Мақсаты:**балаларға Наурыз мерекесі туралы түсінік беру; күнделікті тұрмыста қолданылатын ыдыстар түрлерімен таныстыру және атауларын үйрету; дастарқан мәзірінің маңызы туралы ұғым бере отырып, байланыстыра сөйлеуге дағдыландыру. Балалардың ыдыстар атаулары арқылы зейіні мен тілін, байқағыштығы мен дүниетанымын және есте сақтауын дамыту. | Жапсырудан ойын-жаттығулар.<br>"Алаша".<br>**Мақсаты:**балаларды көлденең жатқан қағаздың үстіне солдан оңға қарай жіңішке таяқшаларды бірі-бірінен белгілі қашықтықта орналастырып, бір-бірлеп жапсырып, безендіруге үйрету; желімді пішіндерге қылқаламмен жағып, жапсыруға жаттықтыру; пішіндер үстінен басу іскерлігін пысықтау; балалардың байқағыштығы мен зейінің, қолдың ұсақ моторикасы мен түс пен пішінді қабылдау қабілетін дамыту; балаларда декоративтік шығармашылық қабілет негіздерін салу және жапсыру іс-әрекетіне қызығушылықтарын қалыптастыру; қазақтың ұлттық өнеріне деген мақтаныш сезіміне тәрбиелеу. | Сенсорикадан ойын-жаттығулар<br>"Әдемі кілем".<br>**Мақсаты:**балаларды салт-дәстүр ерекшеліктерімен таныстыра отырып, оқу қызметінде орындалатын біркелкі заттарды ортақ сенсорлық сипаттары мен көлеміне және түсіне сәйкестендіру қабілеттеріне үйрету; геометриялық денелер мен пішіндердің ортақ қасиеттерін байқап, атауға дағдыландыру; кілем туралы қысқаша түсінік беру. | Қоршаған әлеммен таныстырудан ойын-жаттығулар.<br>"Шәйнек".<br>**Мақсаты:**балаларды үй шаруашылығында қолданылатын затты бақылай білуге үйрету; шәйнектің құрылымы мен адамға тигізер пайдасы туралы негізгі ұғымдарын қалыптастыру; шәйнектің шай беру рәсіміндегі орнына көңіл аударуға баулу. |
| **2-ші таңғы ас** | Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) | | | | |
| **Серуенге** | (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, тіл дамыту және көркем әдебиет) | | | | |



Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| дайындық | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. Белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білуді қалыптастыру. Шкафтан далаға кигізетін аяқ киімін алу дағдысын қалыптастыру, көмек сұрау кезінде сөзбен өтініш білдіруді үйрету, қабылдау бөлмесінде салмақты болуды үйрету. Балаларда өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру, аяқ киімнің бауын тағуды үйрету, түймелеудің басқа түрлерін қолдануға жаттықтыру, (түймелер, жапсырғыштар, жүгіртпелер). Сөздік қорды киім, аяқкиім, жеке бас гигиенасы заттарын білдіретін зат есімдермен, қарама-қарсы мәндес әрекеттерді (ашу-жабу, кию-шешу, алу-салу) білдіретін сөздермен байыту.<br>«Қауіпсіздік». Балаларға "бұрыс", "дұрыс емес", "қауіпті" ұғымдарын қалыптастыру, серуенде, ойындарда қауіпсіздік ережелерін сақтау жайында ескерту.<br>Әжем қадап берген түймені,<br>Ешкім жұла алмайды, өйткені<br>Түйме ұясына кіреді,<br>Жымыңдап қарайды, күледі.<br>Түйме ұясынан шықпаса,<br>Еркінмен жүремін, жараса.<br>Түйме салынады, солдықтан<br>Мен бүгін қорықпаймын суықтан. (Д. Ахметова) | | | | |
| Серуен | | Картотека № 12 | Картотека № 15 | Картотека № 7 | Картотека № 5 |
| Серуеннен оралу | (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуді дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүртуді үйрету. Жеке заттарды қолдану (қол орамал, майлық, орамал, тарақ, түбек), киіміндегі олқылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіруді қалыптастыру. Сөздік қорды киім, аяқкиім, жеке бас гигиенасы заттарын білдіретін зат есімдермен, қарама-қарсы мәндес әрекеттерді (ашу-жабу, кию-шешу, алу-салу) білдіретін сөздермен байыту.<br>Жуамыз қолды мөлдір сумен,<br>Сабындаймыз көпіргіш сабынмен,<br>Сүртеміз жұмсақ орамалмен.<br>Қуаныштымыз сен және мен. (Д. Ахметова) | | | | |
| Түскі ас | (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемеу, үстел басында дұрыс отыруды үйрету.<br>Ас ішу құралдарын дұрыс ұстауға үйрету. Балалардың тәбетін ашу. Өздігінен тамақтануға ынталандыру.<br>Ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қоюға ынталандыру.<br>Дәмді тағам жейміз біз,<br>Ауыз жауып шайнаймыз,<br>Сөйлеуге де уақыт жоқ,<br>Болсын қарнымыз тоқ. (Д. Ахметова) | | | | |
| Күндізгі ұйқы | (мәдени-гигиеналық дағдылар, тіл дамыту және көркем әдебиет, музыка)<br>Мақсаты:киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру.<br>Балалардың тыныш ұйқыға жатып, тәтті ұйықтауына жағымды жағдай туғызу.<br>Жағымды музыка әуенімен балаларды ұйықтату.<br>Балалардың жастарына сәйкес көркем шығармалар оқу. Балаларды бесік жырларын, халық әндерін, ертегілерін, авторлық шығармаларды тыңдауға үйрету.<br>«Әлди-әлди, аппағым» (халық ауызынан)<br>Әлди-әлди, аппағым,<br>Қойдың жүні қалпағым,<br>Жұртқа жаман болса да,<br>Өзім сүйген аппағым! | | | | |
| Ұйқыдан | (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене тәрбиесі) | | | | |



Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| [illegible]ндеп [illegible]ыту, сауықтыру шаралары | Біртіндеп өнуднің жағымды жағдаяттарын ұйымдастыру. Жыл бойы медицина қызметкерінің жетекшілігімен балалардың денсаулығы мен жергілікті жағдайлар ескеріліп, табиғи факторларды (ауаны) пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру.<br>Шынықтыру шараларын өткізу кезінде балалардың денсаулық жағдайын ескеріп, жеке тәсілді жүзеге асыру.<br>"Мейірімді мысық" (белді бүгіп, басты жоғары көтеру).<br>Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.<br>Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. | | | | |
| **Бесін ас** | "Қолды қалай дұрыс жуу керек».<br>Сабынды қалай дұрыс ұстау, қолды сабындау, оны сүрту керектігін түсіндіру.<br>Тәрбиеші қолды не үшін жуу керектігі жайлы сұрақ қояды. Кейін шараның орындалу ретін айтады, түсіндірме жасай отырып көрсету: Алдымен сабынның жан-жағын сипалаймыз, кейін оны сабын салғышқа салып алақанымызды сипаймыз — бірі екіншісін, енді саусақтарды айқастырып "кірпі" жасаймыз. Артынан қолды қалай сүрту керектігін көрсету.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар) | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | | "Музыкалық суреттер" дамытушы ойын-жаттығуы.<br>(музыка, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>**Мақсаты:**музыкалық иллюстрациямен сүйемелденетін әңгімелерге қызықтыру. Кейіпкерді иллюстрациялар, әңгімелер бойынша тану және музыканы есте сақтау<br>Құрал-жабдықтары. Сипаты әртүрлі әуен жазбалары, заттық суреттер немесе ойыншықтар.<br><br>"Сыяды-сыймайды" дамытушы ойыны.<br>(сенсорика)<br>**Мақсаты:** қимылдардың үйлесімділігін, қолдың ұсақ бұлшық еттерін, "көз бен қолдың" сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту. Заттарды көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру. Балаларды заттардың үлкен және кішкентай болуы туралы ұғымдарын қалыптастыру; үлкен және кішкентай ойыншықтарды, заттардың көлемдеріне сай үлкен және кішкентай қорапшаларға жинауға жаттықтыру; дұрыс орындалған тапсырма нәтижесінен жағымды әсер алу қабілетін дамыту. | Құрастырудан ойын-жаттығулар.<br>"Қонжыққа төсек".<br>**Мақсаты:** балаларды үш кірпіштен төсек құрастыруға үйрету; құрылыс материалдарының тұрақтылығы жөнінде ұғымдарын толықтыра отырып, олардың қасиетін іс-тәжірибеде тексеруге жаттықтыру; педагогтің тәсілдерін түсініп, орындау қабілетін дамыту; өз қимылдарын сөздер мен фразалар арқылы сүйемелдеуге шақыру; құрылыс нәтижесіне қарап, ойын желісіне қосылуға машықтау. Балалардың құрылыс материалдарының қасиеттерін қабылдай отырып, олардың кеңістікте бағдарлау мүмкіндіктерін арттыру; қолдың ұсақ моторикасын, байқағыштығы мен ақыл-ойын дамыту.<br><br>Ойын-имитация. "Әлди, әлди!"<br>(тіл дамыту мен көркем әдебиет)<br>**Мақсаты:**балаларды бесік жырларын тыңдауға үйрету. Балалардың ырғақты есту қабілетін, дыбыстық тіл мәдениетін дамыту; көркем сөзді айта тұрып, ойыншықпен қимылдау, қуанышқа бөлену қабілетін қалыптастыру.<br>Құралдар: қуыршақтар немесе балаларға ұнамды кейіпкер ойыншықтар. | "Кімдікі? Онымен не істейді?" дамытушы ойыны.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>**Мақсаты:**ересектердің сөзін түсінуге, қарапайым сұрақтарға жауап беруге, өз ойын айтуға үйрету; зат есім, етістікті қолдануға үйрету. Заттардың кімге қажет екенін анықтау; байланыстырып сөйлеу, еске сақтау қабілетін дамыту. Заттарды және олармен әрекеттерді атауға ынталандыру.<br><br>"Жуыну әні" атты мультфильмін көру.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет, музыка)<br>мақсат-міндеттер. Балаларды бас кейіпкерлердің қимылдарына еліктеуге, әннің сөздерін қайталауға қызықтыру; өз бетінше жуыну және беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту рәсіміне еруге ынталандыру.<br><br>Сюжетті-рөлдік ойын «Отбасы».<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>**Мақсаты:**<br>өз есімі мен жасын, отбасы мүшелерінің аттарын атауға үйрету. Балаларды ойын барысында отбасының тұрмыс-тіршілігін шығармашылықпен бейнелеуге | Суреттерді қарастыру.<br>Ыдыстар<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру, сенсорика)<br>**Мақсаты:**заттарды және олармен әрекеттерді атау, оларды суреттерден тану. Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту. Балалардың сөздік қорын ыдысты білдіретін зат есімдермен байыту. Қоршаған әлемге қызығушылықты арттыру. Ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындауға ынталандыру.<br><br>"Дана қуыршақты қол орамал қолдануға үйретеміз" сюжетті-дидактикалық ойыны.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсат-міндеттер: жеке басының заттарын қолдану дағдыларын қалыптастыру.<br><br>Тақпақты мәнерлеп оқу жаттығуы.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет) |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | "Нені киесің?" дамытушы жаттығуы.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>**Мақсаты** .балаларды киіну тәртібіне баулу; киім үлгілерін атап, қайда киетінін айтып беруге ынталандыру. Белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білуді, киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қоюды бекіту. Балалардың сөздік қорын киім, аяқкиім атауларын білдіретін зат есімдермен байыту.<br>Құралдар: қуыршақтың киімдері (киім үлгілерінің жеке суреттері немесе нақты киімдердің үлгілері). | Педагог балаларға ойыншықтарын қолға алып, еркін тербету қимылдарын жасауға мүмкіндік береді. Содан соң педагог тақпақты мәнерлеп айта тұрып, балаларды бірге қосылуға тартады.<br>- Әлди, әлди!<br>Әлди, әлди, бөпешім,<br>Ән сап берем, келе ғой.<br>Жыламашы, көкешім,<br>Жұбатқанға көне ғой.<br><br>Ұйқың келсе, бөлейін,<br>Тербетейін есікке,<br>Қаз-қаз басшы, көрейін,<br>Барып келші есікке. (С. Әлімқұлов) | ынталандыру; екі кейіпкер қатысатын сюжеттерде (ана — қыз) өзара әрекеттесу дағдыларын қалыптастыру; бір-бірімен тіл табысып, өзара келісімде ойнау қабілеттерін дамыту. | **Мақсаты:** балаларды педагогтің көмегімен өлеңді толық қайталауға ынталандыру.<br>"Шелпек".<br>Елге келсең, ер ұлан,<br>Қарама сен немкетті.<br>Шыққан ана қолынан<br>Сүйсініп же шелпекті.<br>"Бауырсақ".<br>Жеп көрмесең болмайды,<br>Үйдің дәмін сағынсақ.<br>Қақтырады таңдайды<br>Майға піскен бауырсақ. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | | "Наурыз" мәнерлеп оқу.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>**Мақсаты:**балаларды авторлық шығармаларды тыңдауға үйрету. Оқып беруді суреттерді, қимылдарды көрсетумен сүйемелдеу. Балаларды педагогтің көмегімен өлеңді толық қайталауға ынталандыру.<br>Қарды еріткен жылғасы,<br>Наурыз келді – жыл басы.<br>Шуақ төкті жарық күн,<br>Мейрамында халықтың.<br>Бата беріп атамыз,<br>Бата беріп апамыз.<br>Тәтті болып жасалған<br>Наурыз дәмін татамыз.<br>Б. Жақыпов | Дидактикалық ойын: "Бұл кімнің үйі?"<br>Мақсаты: Жануарлар мен олардың мекендейтін ортасы туралы түсінікті қалыптастыру.<br>Қажетті құралдар: Жануарлардың (ит, құс, аю, балық) және олардың үйлерінің (ұя, үйшік, апан, су) суреттері немесе ойыншықтары.<br>Барысы: Балаға ойыншықтарды көрсетіп: "Мынау — иттің үйшігі. Ит қайда тұрады? Қане, итті үйіне апарып қойшы" деп бағыт бересіз.<br>Тиімділігі: Баланың логикалық ойлауын дамытады. | Ырғақ ойыны: "Шапалақ және топ-топ"<br>Мақсаты: Музыканың ырғағын сезіну, еліктеу қабілетін дамыту.<br>Барысы: Баламен бетпе-бет отырып, қарапайым өлең жолдарын айтып, ырғаққа сай қимылдар жасайсыз:<br>"Шапа-шапа шапалақ, (қолды шапалақтау)<br>Алақанды соғайық.<br>Топ-топ-топ-топ, топ басып, (аяқты жерге ұру)<br>Біз билеп те алайық!"<br>Тиімділігі: Сөз бен қимылдың үйлесімділігін (координация) жақсартады. | Қимыл-қозғалыс және еліктеу ойындары (Жануарлар әлемі)<br>«Кім қалай дыбыстайды және қозғалады?»<br>Мақсаты: Жануарлар мен құстарды тану, еліктеу дағдысын дамыту.<br>Ойын барысы: Ересек адам балаға жануарды атайды, ал бала оның қимылы мен дыбысын салады:<br>«Қонжық қалай жүреді?» — аяғын тарбаңдатып, маң-маң басады.<br>«Қоян қалай секіреді?» — қолдарын төбесіне қойып (құлақ жасап), секіреді.<br>«Құстар қалай ұшады?» — қолдарын қанат құсап сермейді, «шық-шық» дейді.<br>«Мысық қалай дыбыстайды?» — «мияу» деп бетін жуады. |



Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| **Серуенге дайындық** | (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. Белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білуді қалыптастыру. Шкафтан далаға киетін аяқ киімін алу дағдысын қалыптастыру, көмек сұрау кезінде сөзбен өтініш білдіруді үйрету, қабылдау бөлмесінде салмақты болуды үйрету. Балаларда өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру, аяқ киімнің бауын тағуды үйрету, түймелеудің басқа түрлерін қолдануға жаттықтыру, (түймелер, жапсырғыштар, жүгіртпелер).<br>«Қауіпсіздік». Балаларға "бұрыс", "дұрыс емес", "қауіпті" ұғымдарын қалыптастыру, серуенде, ойындарда қауіпсіздік ережелерін сақтау жайында ескерту.<br>Әжем қадап берген түймені,<br>Ешкім жұла алмайды, өйткені<br>Түйме ұясына кіреді,<br>Жымыңдап қарайды, күледі.<br>Түйме ұясынан шықпаса,<br>Еркінмен жүремін, жараса.<br>Түйме салынады, сондықтан<br>Мен бүгін қорықпаймын суықтан. (Д. Ахметова) | | | | |
| **Серуен** | | **Картотека №** 5 | **Картотека №** 8 | **Картотека №** 10 | **Картотека №** 18 |
| **Серуеннен оралу** | (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуді дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүртуді үйрету. Жеке заттарды қолдану (қол орамал, майлық, орамал, тарақ, түбек), киіміндегі олқылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіруді қалыптастыру.<br>Жуамыз қолды мөлдір сумен,<br>Сабындаймыз көпіргіш сабынмен,<br>Сүртеміз жұмсақ орамалмен.<br>Қуаныштымыз сен және мен. (Д. Ахметова) | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | | "Баланы көктем құбылыстарын бақылауға үйрету, байқату" | "Баланы көктем құбылыстарын бақылауға үйрету, байқату" | "Балаға қар неге еритінін қалай түсіндіруге болады?" | "Ана туралы тақпақтар" |

Тәрбиешілер : Исмагулова Д.Г   Фатхоллина А.Ж



Scanned with CamScanner

Тексерілген күні: 16.03.2026
Әдіскер: [signature] А.А.Жумагалиева

# ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Наурыз (Зента)

Мектепке дейінгі ұйым : «Балбөбек жеке бөбекжайы»
Топ: аралас «Құлыншақ» (ерте жас- кіші).
Балалардың жасы: 2 жастағы балалар.
Қандай кезенге жасалды (апта күндерін, айды, жылды көрсету): 16.03 - 20.03.2026ж.
Наурыз «Тәуелсіздік және отаншылдық айы»

| Апта күндері | *Дүйсенбі* | *Сейсенбі* | *Сәрсенбі* | *Бейсенбі* | *Жұма* |
|---|---|---|---|---|---|
| | 16.03.2026 | 17.03.2026 | 18.03.2026 | 19.03.2026 | 20.03.2026 |
| Апта дәйек сөздері:«Әркім өз деңгейінде, өз орнында айналасын жақсартуға тырысуы керек, өз еліне, қоғамына пайда әкелуді өзінен бастауы шарт. Бұл менің түсінігімдегі отансүйгіштік». Асан Сатаев | | | | | |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Білім тақырыбында әуенді қосып қарсы алу.<br>Сәлемдесу<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Кім бізге келіп қалды?<br>Кім күнге сәлем салды?<br>Кімнің көзі күлімдейді?<br>Кім "Алақай! дейді? (Д. Ахметова)<br>«Күй күмбірі»<br>Күймен балаларды қарсы алу.<br>(музыка) | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | Наурыз мерекесіне арналған іс-шаралар:<br>Ертегілер оқу, қазақ ұлттық ойындарды ойнату, ойын-сауық өткізу. (аптада келісілген жоспар бойынша)<br><br>"Баланың Наурыз мерекесі жайындағы алғашқы ұғымдарын қалыптастырамыз" | Наурыз мерекесіне арналған іс-шаралар:<br>Бауырсақ-party «Наурыз – ұлыстың ұлы күні!<br>Ертегілер оқу, қазақ ұлттық ойындарды ойнату, ойын-сауық өткізу. (аптада келісілген жоспар бойынша) | "Баланы Наурыз мерекесіне дайындыққа қалай қатыстыруға болады?"<br><br>Наурыз мерекесіне арналған іс-шаралар:<br>Бауырсақ-party «Наурыз – ұлыстың ұлы күні!<br>Ертегілер оқу, қазақ ұлттық ойындарды ойнату, ойын-сауық өткізу. (аптада келісілген жоспар бойынша) | Наурыз мерекесіне арналған іс-шаралар:<br>Ертегілер оқу, қазақ ұлттық ойындарды ойнату, ойын-сауық өткізу. | Наурыз мерекесіне арналған іс-шаралар:<br>Ертегілер оқу, қазақ ұлттық ойындарды ойнату, ойын-сауық өткізу. |
| **Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік.** | «Өнегелі тәрбие»<br>Еңбекті бақылау, қарапайым еңбек тапсырмалары.<br>Өсімдіктерге күтім жасау.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) | «Өнегелі тәрбие»<br>Еңбекті бақылау, қарапайым еңбек тапсырмалары. Ойыншықтарды сөрере тізу (құрылыс материалдарды қорапқа салу).<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл | «Қауіпсіздік», «Өнегелі тәрбие»<br>Еңбекті бақылау, қарапайым еңбек тапсырмалары. Үлестірмелі материалдарды үстелдерге тарату (немесе жинау).<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл | «Өнегелі тәрбие»<br>Еңбекті бақылау, қарапайым еңбек тапсырмалары. "Асханадағы көмекшілер".<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) | «Қауіпсіздік», «Өнегелі тәрбие»<br>Еңбекті бақылау, қарапайым еңбек тапсырмалары.<br>Үлестірмелі материалдарды үстелдерге тарату (немесе жинау). |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **шығармашылық, эксперименталды қ, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)** | Мақсаты:қоршаған ортадағы өсімдіктермен таныстыру. Ересектердің еңбегін бақылауға баулу. Ересектерге көмектесу ниетін қолдау. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерді бақылау, топырақтың құрғақ болғанына көңіл аудару, су құйғыш арқылы суаруды көрсету; өздігінен құюды қадағалау, мақтау. Сөздік қорын еңбек әрекетін (жуу, суару, құю) білдіретін етістіктермен байыту.<br><br>«Менің Қазақстаным» Қазақстан Республикасының әнұранын тыңдату.<br>(музыка, қоршағна әлеммен таныстыру)<br>Мақсаты:узыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға үйрету. Балалардың жалпы қабылданған моральдық-адамгершілік нормалар мен құндылықтарды меңгеруіне ықпал ету.<br><br>Дидактикалық ойын «Тостағанға тостақ таңдап ал».<br>(сенсоирка)<br>Мақсаты:балаларға заттарды түсі бойынша сәйкестендіруді жалғастыру: сары табақша мен сары кесе және т.б.<br>Құрал-жабдықтар: қызыл, көк, сары, жасыл түстер мен кеселер.Балаларға бүгін қуыршақтар қонаққа келетіндігін айтады. Біз оларды күтуіміз керек және бұл үстелде тек табақшалар бар екенін көрсетеді.<br>- Балалар, біздің қуыршақтарымыз шайды немен ішеді?Табақшаны көрсетіп, оның түсін атайды, ал сөреден балалардан бірдей түсті кесе алуды сұрайды. | дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсаты:ересектердің еңбегін бақылауға баулу, ересектердің әрекеттерді қалай орындап жатқанына балалардың назарын аудару.<br>Ересектерге көмектесу ниетін қолдау.<br>Сөрелегі ойыншықтар мен құралдарды ретке келтіруге тарту; еңбек дағдыларын, ұқыптылықты қалыптастыру. Ойыншықтар мен құралдарды тануға, атауға үйрету.<br><br>Ойын-имитация. "Әлди, әлди!"<br>(тіл дамыту мен көркем әдебиет)<br>Мақсаты:алаларды бесік жырларын тыңдауға үйрету. Балалардың ырғақты есту қабілетін, дыбыстық тіл мәдениетін дамыту; көркем сөзді айта тұрып, ойыншықпен қимылдау, қуанышқа бөлену қабілетін қалыптастыру.<br>Құралдар: қуыршақтар немесе балаларға ұнамды кейіпкер ойыншықтар.<br>Балаларға ойыншықтарын қолға алып, еркін тербету қимылдарын жасауға мүмкіндік береді. Содан соң тақпақты мәнерлеп айта тұрып, балаларды бірге қосылуға тартады.<br>- Әлди, әлди!<br>Әлди, әлди, бөпешім,<br>Ән сап берем, келе ғой.<br>Жыламашы, көкешім,<br>Жұбатқанға көне ғой.<br><br>Ұйқың келсе, бөлейін,<br>Тербетейін есікке,<br>Қаз-қаз басшы, көрейін,<br>Барып келші есікке. (С. Әлімқұлов)<br><br>Кір қысқыштармен дамытушы жаттығуы. «Күн»<br>(сенсорика)<br>Мақсаты:балаларды сөздік нұсқауға және үлгіге сүйене отырып тапсырмаларды орындауға | дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсаты:ересектердің еңбегін бақылауға баулу, ересектердің әрекеттерді қалай орындап жатқанына балалардың назарын аудару. Ересектерге көмектесу ниетін қолдау. Ақ (түрлі түсті) парақтарды, төсеніштерді, таратпа заттармен табақшаларды таратуға (жинауға) үйрету. Құралдардың қауіпсіздігін қадағалау.<br><br>Саусақ жаттығуы. "Бесік жыры"<br>(халық ауызынан)<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет, дене тәрбиесі)<br>Мақсаты:балаларға сөздерді, сөз тіркестерін қосылып айтуға мүмкіндік беру. Қолды бүгіп, жазу, қолды шапалақтауды, саусақтарды бүгу және ашуды жетілдіру. Қолдың ұсақ моторикасын, қуанышқа бөлену қабілеттерін дамыту.<br>Алақанын ашып, қолын балаларға қаратып, көркем сөзді айта отырып, кезегімен саусақтарын бүгеді.<br>Балалар жаттығудың үлгісін көргеннен кейін педагогке ілесіп қайта орындайды, тақпақты жатқа айтуға тырысады.<br><br>"Бесік жыры".<br>Әлди, әлди, ақ бөпем,<br>Ақ бесікке жат, бөпем.<br>Жілік шағып берейін,<br>Майын жесең, тоясың,<br>Жылауыңды қоясың.<br><br>Суреттерді қарастыру. Түрлі-түстір доптар<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру, сенсорика)<br>Мақсаты:заттарды және олармен | Мақсаты:ересектердің еңбегін бақылауға баулу: тәрбиешінің көмекшісі ыдыс жуады, тамақ әкеледі, ересектердің әрекеттерді қалай орындап жатқанына балалардың назарын аудару. Ересектерге көмектесу ниетін қолдау. Қасықтарды табақшаның жанына салуды, майлық салғышты үстел ортасына қоюды үйрету. Кейбір ыдыс-аяқты атауға үйрету.<br><br>Суреттерді қарастыру. Ыдыс-аяқ<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсаты:заттарды және олармен әрекеттерді атау, оларды суреттерден тану. Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту. Балалардың сөздік қорын ыдыс заттарын білдіретін зат есімдермен байыту. Қоршаған әлемге қызығушылықты арттыру.<br><br>«Наурыз көжені дайындаймыз» ойыны.<br>(жапсыру, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсаты: сипаттамасынан кейін, сәйкес суретті таба білу.<br>Ойын барысы: фланелеграфқа қазанның суреті бекітілген. | (қоршаған әлеммен таны...<br>тіл дамыту және көркем әдеби...<br>Мақсаты:ересектердің еңбегін бақылауға баулу, ересектердің әрекеттерді қалай орындап жатқанына балалардың назарын аудару. Ересектерге көмектесу ниетін қолдау. Ақ (түрлі түсті) парақтарды, төсеніштерді, таратпа заттармен табақшаларды таратуға (жинауға) үйрету. Құралдардың қауіпсіздігін қадағалау.<br><br>"Сиқырлы сандықшалар" дидактикалық ойыны.<br>(сенсорика, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсаты;балаларға көлемі бес түрлі заттарды ажыратып, оларды бір үлкен сандықшаға жинауды үйрету; қолдың ұсақ моторикасын, ойлау, көзбен мөлшерлеу қабілетін дамыту; жағымды әсер алуға мүмкіндік жасау. Сөздік қорды қарама-қарсы мәндес әрекеттерді (ашу-жабу, кию-шешу, алу-салу).<br>Шарты: көлемі бес түрлі сандықшаны бір-бірінің ішіне кезекпен салып жинау.<br>Қандай тамаша!<br>Алдымызда көп сандықша.<br>Сандықшалар бірдей емес,<br>Кішкентай, орташа, үлкен.<br>Кішкентайды үлкеніне салайық,<br>Барлығын үлкен сандыққа жасырайық.<br><br>«Отбасы» саусақ гимнастикасы.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет, дене тәрбиесі)<br>Мақсаты:балаларға сөздерді, сөз тіркестерін қосылып айтуға мүмкіндік беру. Қолды бүгіп, жазу, қолды шапалақтауды, |

2

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | "Мөлдір су" тақпағын мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы (орыс тілінен аударма)<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет, дене тәрбиесі)<br>Мақсаты:балаларды авторлық шығармаларды тыңдауға үйрету. Оқып беруді суреттерді, қимылдарды көрсетумен сүйемелдеу. Балалардың көмегімен өлеңді толық қайталауға ынталандыру.<br>Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев "Мөлдір су".<br>Мөлдір су, мөлдір су!<br>Сен менің бетім жу.<br>Отты көзім ойнасын,<br>Екі бетім жайнасын.<br>Күлкі кетпей ерімнен,<br>Тісім тастан таймасын! | ынталандыру; қимылдарды үйлестіруді, қолдың ұсақ моторикасын, «көз – қол» сенсомоторлық кеңістіктік координациясын дамыту; берілген нысанға сай нақты әрекеттерді орындауға жаттықтыру. | әрекеттерді атау, оларды суреттерден тану. Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту. Балалардың сөздік қорын ойыншық заттарын білдіретін зат есімдермен байыту. Қоршаған әлемге қызығушылықты арттыру. Ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындауға ынталандыру. | | саусақтарды бүгу және ашуды жетілдіру. Қолдың ұсақ моторикасын, қуанышқа бөлену қабілеттерін дамыту. Отбасы мүшелерінің аттарын атауға ынталандыру.<br>Әр жолды айтқан сайын балалар саусағын бүгеді.<br>Мына саусағым - атам,<br>Мына саусағым - әжем,<br>Мына саусағым - әкем,<br>Мына саусағым - анам,<br>Мына саусағым - мен.<br>Әңгімелесу: «Менің атам мен әжем» |
| Ертеңгілік жаттығу | Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>(дене тәрбиесі, музыка)<br>1. Бастапқы қалып: жерде аяқтың арасын ашып отырып, шеңберді екі қолмен ұстау.<br>1–1 шеңберлерді қолды бүкпей, бастан жоғары көтеру;<br>1–2 иыққа салып, басқа кию;<br>1–3 бастапқы қалыпқа келу (4-5 рет қайталау).<br>2. Бастапқы қалып: тік тұрып, құрсауларды екі қолымен төменде ұстау.<br>2–1 қолды жоғары көтеріп, шеңбер ұстаған қолды бетке жақындатып, басқа кигізу;<br>2–2 бастапқы қалыпқа келу (3-4 рет қайталау)<br>3. Бастапқы қалып: жерде отырып, аяқты бірге қою, шеңберді екі қолмен ұстап, тізенің үстіне қою.<br>3–1 оң жаққа бұрылып, шеңберді жерге қою;<br>3–2 тіктелу;<br>3–3 сол жаққа бұрылып, шеңберді жерге қою;<br>3–4 бастапқы қалыпқа келу ( 3-4 рет қайталау).<br>4. Бастапқы қалып: аяқты бірге қою, құрсауды екі қолмен ұстау.<br>4.–1 бір бағытта жеңіл секіру;<br>4–2 бастапқы қалыпқа келу ( 3-4 рет қайталау). | | | | |
| Таңғы ас | (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз)<br>Мақсаты:жуу алгоритмін бекіту. Ересектің бақылауымен бетін, қолын тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүртуді үйрету.<br>Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемеу, үстел басында дұрыс отыруды үйрету.<br>Ас ішу құралдарын дұрыс қолдануды үйрету. Тамақ ішкеннен кейін беті-қолды жуғызу.<br>Қанеки, қаздар, қаздар,<br>Суға сүңгіп, шомылыңдар!<br>Шомылып-шомылып, | | | | |



Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Жұмсақ шипке қоныңдар! (Д. Ахметова)<br>Көркем сөз<br>Қасығымыз қайда?<br>Табақшамыз қайда?<br>Өзіме жақын тартайық,<br>Тамақты тауысып алайық. (Д. Ахметова) | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық | "Күй күмбірі": "Қыз ақжелең" (Дәулеткерей) https://www.youtube.com/watch?v=uVuZI5laOIE (Нұрғиса Тілендиев "Отырар сазы" оркестрі)<br>«Өнегелі»: Көктемгі күн мен түннің теңелу күні. Тақырыбы: "Наурыз". Міндеттері: Наурыз мейрамы суреттерін қарастыру, қазақ халық ойындарын ойнату, би элементтерін билету. Қауіпсіз орта, дамытушы білім беру ортасын қалыптастыру. | | | | |
| | Қуаныш шеңбері<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет, музыка)<br>Мақсаты:балалардың жалпы қабылданған моральдық-адамгершілік нормалар мен құндылықтарды меңгеруіне ықпал ету. Басқа балалармен бірге, келісіп ойнауға, бір-біріне көмектесуге және жетістіктеріне бірге қуануға баулу. Жақын адамдарының жағдайын эмоционалды қабылдай білуге тәрбиелеу. Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға, педагогтің көмегімен өлеңді қайталауға ынталандыру.<br>Балалардың сөздік қорын көңіл-күйін (қуану, күлу, ренжу), адамдардың қарым-қатынасын (құшақтау, көмектесу) білдіретін етістіктермен байыту.<br>Құтты болсын Наурыз!<br>Қуанамыз бәріміз!<br>Наурыз көктеммен келді,<br>Бәрекелді! | «Отбасы» саусақ гимнастикасы.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет, дене тәрбиесі)<br>Мақсаты:балаларға сөздерді, сөз тіркестерін қосылып айтуға мүмкіндік беру. Қолды бүгіп, жазу, қолды шапалақтауды, саусақтарды бүгу және ашуды жетілдіру. Қолдың ұсақ моторикасын, қуанышқа бөлену қабілеттерін дамыту.<br>Әр жолды айтқан сайын балалар саусағын бүгеді.<br>Мына саусағым - атам,<br>Мына саусағым - әжем,<br>Мына саусағым - әкем,<br>Мына саусағым - анам,<br>Мына саусағым - мен.<br>Әңгімелесу: «Менің атам мен әжем» | "Нені киесің?" дамытушы жаттығуы.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсаты:балаларды киіну тәртібіне баулу; киім үлгілерін атап, қайда киетінін айтып беруге ынталандыру; өз-өзіне қызмет ету дағдыларын қалыптастыру. Белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білуді, киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қоюды бекіту. Зейінін, тілін, ақыл-ойын дамыту.<br>Құралдар: қуыршақтың киімдері (киім үлгілерінің және суреттері немесе жаңа киімдердің үлгілері). | «Отбасы» саусақ гимнастикасы<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет, дене тәрбиесі)<br>Мақсат:балаларға сөздерді, сөз тіркестерін қосылып айтуға мүмкіндік беру. Қолды бүгіп, жазу, қолды шапалақтауды, саусақтарды бүгу және ашуды жетілдіру. Қолдың ұсақ моторикасын, қуанышқа бөлену қабілеттерін дамыту.<br>Сәлем саған-ата,<br>Сәлем саған-апа.<br>Сәлем саған-әке,<br>Сәлем саған-ана<br>Бұл саусақ мен (кішкентай саусақ).<br>Бұл менің бүкіл отбасым.<br>(Шапалақтау). | Суреттерді қарастыру.<br>Ойыншықтар<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру, сенсорика)<br>Мақсаты:заттарды және олармен әрекеттерді атау, оларды суреттерден тану. Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту. Балалардың сөздік қорын ойыншық атауларын білдіретін зат есімдермен байыту. Қоршаған әлемге қызығушылықты арттыру. Ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындауға ынталандыру. |
| **Кестеге сәйкес ҰІӘ**<br>**Ерте жас** | **Дене тәрбиесі**<br>"Бізге қонаққа Алдар Көсе келді"<br>Міндеттері:түрлі-түсті жалаулармен шеңбер бойымен, шашырап жүру және жүгіру қабілеттерін бекіту; белгісі ойынша тоқтап жүру және жүгіру | **Музыка**<br>"Бесік жыры"<br>Міндеттер:балаларды бірге ән айту кезінде белсенді болуға баулу. Біртіндеп жеке ән айтуға үйрету. Би мен ойынды қайталау. Балаларды ойын жағдайына белсенді қатысуға | **Дене тәрбиесі**<br>"Біз шымырмыз, ептіміз, алғырмыз!"<br>Міндеттері: түрлі-түсті жалаулармен шеңбер бойымен, шашырап жүру және жүгіру қабілеттерін бекіту; белгісі | **Дене тәрбиесі**<br>"Спорт әлемінде"<br>Міндеттері:түрлі-түсті жалаулармен шеңбер бойымен, шашырап жүру және жүгіру қабілеттерін бекіту; педагог белгісі ойынша тоқтап жүру және жүгіру жаттығулары; | |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жаттығулары; балаларды педагог белгісі бойынша жалаушаларды көтеру және түсіру, бір жерде салтанатты жүріс дағдыларына жаттықтыру; гимнастикалық орындықта жүру қабілетін, шәшікке (биіктігі 10-15 сантиметр) көтеріліп, одан ересек адамның көмегімен түсу қабілетін нығайту; балаларды секіруге жаттықтыру Денсаулықты нығайту. Дене белсенділігін дамытуға жағдай жасау. Дене шынықтыру әрекетін орындауға қызығушылықты арттыру. Қарапайым қауіпсіздік ережелерін сақтау. | шақыру. | ойынша тоқтап жүру және жүгіру жаттығулары; балаларды педагог белгісі бойынша жалаушаларды көтеру және түсіру, бір жерде салтанатты жүріс дағдыларына жаттықтыру; гимнастикалық орындықта жүру қабілетін, шәшікке (биіктігі 10-15 сантиметр) көтеріліп, одан ересек адамның көмегімен түсу қабілетін нығайту; балаларды секіруге жаттықтыру. Денсаулықты нығайту. Дене белсенділігін дамытуға жағдай жасау. Дене тәрбиесі әрекетін орындауға қызығушылықты арттыру. Қарапайым қауіпсіздік ережелерін сақтау. | балаларды белгісі бойынша жалаушаларды көтеру және түсіру, бір жерде салтанатты жүріс дағдыларына жаттықтыру; гимнастикалық орындықта жүру қабілетін, шәшікке (биіктігі 10-15 сантиметр) көтеріліп, одан ересек адамның көмегімен түсу қабілетін нығайту; балаларды секіруге жаттықтыру. | |
| Кіші топ | **Дене тәрбиесі**<br>"Қазақтың ұлттық ойыны".<br>Міндеттері: балаларды еденге қойылған арқан бойымен түзу жүру, арқан бойымен жүру кезінде бірінің артынан бірін жүруге және арқаннан шықпай жүру іскерліктерін дамыту. Жалпы дамытушы жаттығуларды педагогтің соңынан қайталату, балалардың денсаулығын нығайту. Негізгі қимыл түрлерін орындау сапасын жетілдіру. Қимылдарды үйлесімді орындауға үйретуді жалғастыру. | **Музыка**<br>"Нағыз қазақ - домбыра".<br>Міндеттер: балаларды киелі домбырамен таныстыра отырып, күйді тыңдауда сипатын ажырата білуге үйрету; музыкалық-ырғақтық қимылдарды топпен еркін жасауға дағдыландыру; ұлттық аспап домбыраны құрметтеу сезімдеріне тәрбиелеу. | **Дене тәрбиесі**<br>"Спорт – өнер".<br>Міндеттер: балаларды гимнастикалық тақтайдың үстімен жүріп келе жатып, биіктен секіруге үйрету; қауіпсіздік ережесін сақтай білуге дағдыландыру. Жалпы дамытушы жаттығуларды педагогтің соңынан қайталату, балалардың денсаулығын нығайту. Негізгі қимыл түрлерін орындау сапасын жетілдіру. Қимылдарды үйлесімді орындауға үйретуді жалғастыру. | **Дене тәрбиесі**<br>"Спорт әлемінде".<br>Міндеттері: балаларды түрлі-түсті жалаушалармен шеңбер бойымен салтанатты адымдатып, мерекеге сай көңілді жүргізу және шашырай жүгірту; педагогтың белгісі бойынша тоқтап, жалаушаларын жоғары көтеріп, белгі бойынша қайта жүру; гимнастикалық тақтайдың үстімен бірінің артынан бірі жүріп, биіктен секіру жаттығуының жасалу техникасын жетілдіру. Жалпы дамытушы жаттығуларды педагогтің соңынан қайталату, балалардың денсаулығын нығайту. Негізгі қимыл түрлерін орындау сапасын жетілдіру. Қимылдарды үйлесімді орындауға үйретуді жалғастыру. | |
| | «Геометриялық пішіндерден (таныс силуэттерден) сурет құрастыр» аппликациядан жаттығу.<br>(аппликация, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсаты:балаларды фланелеграфта (қағаз бетінде) | Тіл дамыту және көркем әдебиеттен ойын-жаттығулар<br>М. Жұмабаевтың "Бесік жыры" өлеңі".<br>Мақсаты:балаларды М. Жұмабаевтың "Бесік жыры" өлеңімен таныстыра отырып, шығарма мазмұнын мұқият тыңдауға үйрету; "Бесік жыры" өлеңінің тәрбиелік маңызын түсіндіру; | Сурет салудан ойын-жаттығулар.<br>"Бауырсақтар".<br>Мақсаты:балаларды дөңгелек қағаз бетін "табақты", үлкен домалақ "бауырсақтарға" толтыруға үйрету; бормен қалдырып жатқан іздердің бағытын бақылап отыруға дағдыландыру; дөңгелек пішіннің | Жапсырудан ойын-жаттығулар.<br>"Алаша".<br>Мақсаты:балаларды көлденең жатқан қағаздың үстіне солдан оңға қарай жіңішке таяқшаларды бірі-бірінен белгілі қашықтықта орналастырып, бір-бірлеп жапсырып, безендіруге үйрету; желімді | Мүсіндеу техникасын жетілдіру жаттығуы.<br>(мүсіндеу)<br>Мақсаты:қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру: кесені, тостағанды, табақты |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жеке бөліктерден тұратын конструктивті тәсілмен сурет құрастыруға үйрету; пішіндерден құралған заттарды атауға, оларды суреттерден танып білуге ынталандыру; затқа бағытталған әрекеттерді орындауға жаттықтыру. | шығарма желісін бақылап, көркем сөздер мен қимылдарды белгілі ырғақпен жатқа және ересек адамның соңынан қайталап айтуға жаттықтыру. | дұрыс болуын қадағалауға жаттықтыру; қағаз бетін суретке толық толтыру қабілетін қалыптастыру; Наурыз мерекесіне дастарқан жаю рәсімімен таныстыру. | пішіндерге қылқаламмен жағып, жапсыруға жаттықтыру; пішіндер үстінен басу іскерлігін пысықтау; балалардың байқағыштығы мен зейінін, қолдың ұсақ моторикасы мен түс пен пішінді қабылдау қабілетін дамыту; балаларда декоративтік шығармашылық қабілет негіздерін салу және жапсыру іс-әрекетіне қызығушылықтарын қалыптастыру; қазақтың ұлттық өнеріне деген мақтаныш сезіміне тәрбиелеу. | мүсіндеуде пішіннің жо... бөлігін саусақпен басып, тереңдету, кесектерді біріктіру, құрмаққа арналған әшекейлерді (білезік, жүзік, қол сағат) мүсіндеу, заттардың ұқсастықтарын табу. |
| 2-ші таңғы ас | Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) | | | | |
| Серуенге дайындық | (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. Белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білуді қалыптастыру. Шкафтан далаға киетін аяқ киімін алу дағдысын қалыптастыру, көмек сұрау кезінде сөзбен өтініш білдіруді үйрету, қабылдау бөлмесінде салмақты болуды үйрету. Балаларда өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру, аяқ киімнің бауын тағуды үйрету, түймелеудің басқа түрлерін қолдануға жаттықтыру, (түймелер, жапсырғыштар, жүгіртпелер). Сөздік қорды киім, аяқкиім, жеке бас гигиенасы заттарын білдіретін зат есімдермен, қарама-қарсы мәндес әрекеттерді (ашу-жабу, кию-шешу, алу-салу) білдіретін сөздермен байыту.<br>«Қауіпсіздік». Балаларға "бұрыс", "дұрыс емес", "қауіпті" ұғымдарын қалыптастыру, серуенде, ойындарда қауіпсіздік ережелерін сақтау жайында ескерту.<br>Әжем қадап берген түймені,<br>Ешкім жұла алмайды, өйткені<br>Түйме ұясына кіреді,<br>Жымыңдап қарайды, күледі.<br>Түйме ұясынан шықпаса,<br>Еркінмен жүремін, жараса.<br>Түйме салынады, сондықтан<br>Мен бүгін қорықпаймын суықтан. (Д. Ахметова) | | | | |
| Серуен | Картотека № 1 | Картотека № 3 | Картотека № 12 | Картотека № 10 | Картотека № 11 |
| Серуеннен оралу | (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуді дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүртуді үйрету. Жеке заттарды қолдану (қол орамал, майлық, орамал, тарақ, түбек), киіміндегі олқылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіруді қалыптастыру. Сөздік қорды киім, аяқкиім, жеке бас гигиенасы заттарын білдіретін зат есімдермен, қарама-қарсы мәндес әрекеттерді (ашу-жабу, кию-шешу, алу-салу) білдіретін сөздермен байыту.<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың. | | | | |
| Түскі ас | (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты аузды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемеу, үстел басында дұрыс отыруды үйрету. Ас ішу құралдарын дұрыс ұстауға үйрету. Балалардың тәбетін ашу. Өздігінен тамақтануға ынталандыру.<br>Ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қоюға ынталандыру.<br>Айтшы, әжем,<br>Дайын ба көжең? | | | | |



Scanned with CamScanner

| | |
|---|---|
| | Еті пісті ме?<br>Сорпасы қою ма?<br>Жармасы ұсақ па?<br>Картопы жұмсақ па?<br>Картопты жеймін,<br>Сорпасын ішемін,<br>Түгелін тауысамын,<br>"Рақмет" айтамын. (Д. Ахметова) |
| **Күндізгі ұйқы** | (мәдени-гигиеналық дағдылар, тіл дамыту және көркем әдебиет, музыка)<br>Мақсаты:киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру.<br>Балалардың тыныш ұйқыға жатып, тәтті ұйықтауына жағымды жағдай туғызу.<br>Жағымды музыка әуенімен балаларды ұйықтату.<br>Балалардың жастарына сәйкес көркем шығармалар оқу. Балаларды бесік жырларын, халық әндерін, ертегілерін, авторлық шығармаларды тыңдауға үйрету.<br>«Әлди, әлди, абайым» (халық аузынан)<br>Әлди, әлди, абайым,<br>Атқа тоқым жабайын,<br>Құрығыңды майырып,<br>Түнде жылқы қайырып,<br>Жаудан жылқы айырып,<br>Жігіт болар ма екенсің?<br>Айыр қалпақ киісіп,<br>Ақырып жауға тиісіп,<br>Батыр болар ма екенсің?<br>Бармақтарың майысып,<br>Түрлі ою ойысып,<br>Ұста болар ма екенсің?<br>Таңдайларың тақылдап,<br>Сөйлегенде сөз бермей,<br>Шешен болар ма екенсің?<br>Кең балағын түріскен,<br>Ұлы топта күрескен<br>Балуан болар ма екенсің? |
| **Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары** | (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене тәрбиесі)<br>Біртіндеп оянудың жағымды жағдаяттарын ұйымдастыру. Жыл бойы медицина қызметкерінің жетекшілігімен балалардың денсаулығы мен жергілікті жағдайлар ескеріліп, табиғи факторларды (ауаны) пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру.<br>Шынықтыру шараларын өткізу кезінде балалардың денсаулық жағдайын ескеріп, жеке тәсілді жүзеге асыру.<br>Керуеттегі жаттығулар<br>Көзімізді ашайық<br>Аунап-қунап алайық.<br>Ұйқымызды ашайық<br>"Самал жел" (іштен жатып, қолдарын дене бойымен жіберу, бастарын сәл көтеріп, жел соққанын көрсету)<br>"Ф-ф-ф".<br>"Желдің желпуі". Іштен жатып, қолдарын дене бойымен жіберу, қолдарын екі жаққа созу.<br>"Жел бұлттарды айдайды" (тізені құшақтап жату, аяқты құшақтап денемен алдыға және артқа қарай тербелу) |
| **Бесін ас** | "Қолды қалай дұрыс жуу керек». |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Сабынды қалай дұрыс ұстау, қолды сабындау, оны сүрту керектігін түсіндіру.<br>Қолды не үшін жуу керектігі жайлы сұрақ қояды. Кейін шараның орындалу ретін айтады, түсіндірме жасай отырып көрсету: Алдымен сабынның жан-жағын сипалаймыз, кейін оны сабын салғышқа салып алақанымызды сипаймыз — бірі екіншісін, енді саусақтарды айқастырып "көпір" жасаймыз. Артынан қолды қалай сүрту керектігін көрсету.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар) | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | "Сиқырлы сандықшалар" дидактикалық ойыны.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсаты:балаларға көлемі бес түрлі заттарды ажыратып, оларды бір үлкен сандықшаға жинауға үйрету; қолдың ұсақ моторикасын, ойлау, көзбен мөлшерлеу қабілетін дамыту; жағымды әсер алуға мүмкіндік жасау.<br>Шарты: көлемі бес түрлі сандықшаны бір-бірінің ішіне кезегімен салып жинау.<br>- Қандай тамаша!<br>Алдымызда көп сандықша.<br>Сандықшалар бірдей емес,<br>Кішкентай, орташа, үлкен.<br>Кішкентайды үлкенірекке салайық,<br>Барлығын үлкен сандыққа жасырайық.<br><br>"Мөлдір су" тақпағын мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет, дене тәрбиесі)<br>Мақсаты:балаларды авторлық шығармаларды тыңдауға үйрету. Оқып беруді суреттерді, қимылдарды көрсетумен сүйемелдеу. Балаларды педагогтің көмегімен өлеңді толық қайталауға ынталандыру. Балаларды өзін-өзі күту, беті-қолды жуу әдебіне үйрету; педагогтің соңынан көркемсөзді қайталап, жағымды әсерге бөленуге баулу.<br>Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев "Мөлдір су". | Суреттерді қарастыру. Ыдыс-аяқ<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсаты:заттарды және олармен әрекеттерді атау, оларды суреттерден тану. Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту. Балалардың сөздік қорын ыдыс заттарын білдіретін зат есімдермен байыту. Қоршаған әлемге қызығушылықты арттыру.<br><br>Жапсырудан жаттығулар.<br>Фланелеграфта шарларды орналастыру.<br>(жапсыру)<br>Мақсаты:жапсыруға қызығушылықты ояту. Жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз) үйрету.<br>Фланелеграфта геометриялық қазақтың ұлттық ою-өрнектерін орналастыру. Бейнелерді фланелеграфта (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қойып, құрастыруға, ересектермен бірге түстерді таңдауға (қарама-қарсы түстер) үйрету.<br><br>"Дастарқанды жаю ойын-имитациясы.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсаты:балаларды дастарқан басындағы әдептілік ережелерімен таныстыру; сәлем беру (амандасу, тағзым ету) қимылдарын жасауға ынталандыру; ойыншықтарды қатыстырып, жасалған жаттығулардан жағымды әсер алуға баулу.<br>Құралдар: ойыншық үстел, орындықтар, ойыншықтар (қуыршақтар мен кейіпкерлер), ыдыс ойыншықтар. | "Бір және көп ойыншықтар" ойын-жаттығуы.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет, сенсорика)<br>Мақсаты:балаларды зат есімдердің көпше түрде дұрыс қолданылуын ескеріп, сын есімдерді зат есімнің көпше түрімен сәйкестендіру.<br>Берілген заттардың 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып, түсі, көлемі, өлшемі бойынша әртекті заттарды салыстыру, заттардың санын ажырату (біреу-көп), әртүрлі көлемдегі заттарды атау.<br>Құралдар. Түсі, пішіні, көлемі, саны әртүрлі ойыншықтар.<br>Жауаптың мысалы.<br>Бір доп – көп доптар.<br>Бір дөңгелек доп – көп дөңгелек доптар.<br>Бір қызыл доп – көп жасыл доптар.<br>Бір үлкен доп – көп кішкентай доптар.<br><br>«Отбасы» саусақ гимнастикасы.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет, дене тәрбиесі)<br>Мақсаты:балаларға сөздерді, сөз тіркестерін қосылып айтуға мүмкіндік беру. Қолды бүгіп, жазу, қолды шапалақтауды, саусақтарды бүгу және ашуды жетілдіру. Қолдың ұсақ моторикасын, қуынышқа бөлену қабілеттерін дамыту.<br>Әр жолды айтқан сайын балалар саусағын бүгеді.<br>Мына саусағым - атам,<br>Мына саусағым - әжем,<br>Мына саусағым - әкем,<br>Мына саусағым - анам, | "Досыңа көмектес" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсаты:балаларды белгі бойынша біресе билеп жүріп, біресе "көмек қолын" беріп, жұпты құруға машықтандыру. Қимылдарды үйлесімді орындауға баулу, кеңістікті бағдарлау қабілетін дамыту; достыққа тәрбиелеу.<br><br>Үстел үсті (саусақ, қуыршақ) театрын көрсету. "Бауырсақ".<br>(тіл дамыту және өркем әдебиет)<br>Мақсаты:балаларды халық ертегілерін, авторлық шығармаларды тыңдауға үйрету. Оқып беруді үстел үсті театрының кейіпкерлерін және басқа да көрнекі құралдарды көрсетумен сүйемелдеу, сонымен қатар көрнекіліксіз көркем шығарманы тыңдау. Сюжет бойынша қарапайым сұрақтарға жауап беруге, өз ойын айтуға үйрету. Өтініші бойынша таныс кейіпкрді тауып, сұрақ қою: "Бұл кім (не)?", "Не істеді?". Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату. | "Пирамиданы құраймыз" ойыны.<br>(сенсорика)<br>Мақсаты:берілген заттардың 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып, түсі, көлемі, өлшемі бойынша әртекті заттарды салыстыру, заттардың санын ажырату (біреу-көп); "көз бен қолдың" сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту; қабылдауды, ойлауды дамыту.<br>Түрлі-түсті шеңберлерден,<br>Пирамида құраймын,<br>Ең үстіңгі түсті алып,<br>Қайта кілемге шашамын.<br><br>"Қуыршақты тамақтандырамыз" ойыны.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсаты:заттық-бағдарлық әрекеттерді (қарау, тигізу), белгілі бір объектіге арналған нақты әрекеттерді (қуыршақты тамақтандыру) орындауға баулу. Сөз тіркестерін құра білуге (зат есім + етістік) ынталандыру. Балаларды бесік жырларын тыңдауға үйрету. Оқып беруді ойыншықтарды көрсетумен сүйемелдеу.<br>"Дана ботқаны жемейді".<br>Дана ботқаны жемейді,<br>«Тауыса алмаймын», - дейді.<br>Дана, басқалардан қалма,<br>Ананың мазасын алма.<br>Қане, қасықты ұстайық,<br>Дәмді асты тауысайық.<br>Д. Ахметова |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мөлдір су, мөлдір су!<br>Сен менің бетім жу.<br>Отты көзім ойнасын,<br>Екі бетім жайнасын.<br>Күлкі кетпей ерімнен,<br>Тісім тастан таймасын! | Шарты: конакка, дастархан алдында белгілі қимылдарды жасап, ойыншықтарды орындықтарға отырғызып, "тамақтандыру", "рақмет айту" әдептілік ережелерін орындау.<br>- Балалар, қонақтарды шақырайық,<br>- Қонақтарым, келіңдер,<br>Бізге сәлем беріңдер.<br>Сәлем беріп, жоғары<br>Дастарқанға өтіңдер.<br>Балалар шеңбер құрып, ырғақты әуенге сай билейді. | Мына саусағым - мен.<br>Әңгімелесу: «Менің атам мен әжем»<br><br>"Дастархан" сюжетті-рөлді ойыны.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсаты: балалардың ойын жоспарын жүзеге асыру біліктіліктерін дамыту; дастархан алдында әдептілік ережелерін ұстануға бейімдеу; коммуникативтік қабілеттерді дамыту.<br>Балалардың белгілі бір рөл үшін керек құрал-жабдықтарды өз бетінше таңдау, ойын көрінісіне жетіспей тұрған заттармен, ойыншықтармен толықтыру талпыныстарын ынталандыру. | | |
| Балалармен жеке жұмыс | Көркем сөзді мәнерлеп оқу.<br>Мағжан Жұмабаев. "Бесік жыры" (үзінді).<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсаты. Балаларды педагогтің соңынан тақпақты мәнерлеп оқуға ынталандыру.<br>- Күнім, айым,<br>Еркетайым,<br>Жата ғой, қозым.<br>Әлди, бөпем,<br>Әлди, бөпем,<br>Ұйықта, жұм көзіңді.<br>Бәу-бәу, бөпем,<br>Бәу-бәу, бөпем,<br>Әлди, әлди-ай! | Саусақ жаттығуы. "Бір-бір кесе алайық".<br>( дене тәрбиесі)<br>Мақсаты:балаларды көркем сөзді айтып, белгілі қимылдарды жасауға үйрету; дыбыстық тіл мәдениетін дамыту; қуанышқа бөленуге баулу.<br>- Дастархан дайын болса,<br>(алақандарды өзара уқалау)<br>Қонақтарға жайылса. (шапалақтау)<br>Бір-бір кесе алайық, (екі алақанды қырынан қосып, кесе ұқсас пішінді құру)<br>Суыды ма, қарайық. (жасанды кесе ішіне, алақандардың ішкі жағына үрлеу) | "Бір" және "көп" дамытушы ойыны.<br>(сенсорика)<br>Мақсаты: балалардың «көп», «бір» ұғымдары туралы түсініктерін дамыту, «көп – бір» заттардың санын ажырата білуге жаттықтыру; ойлауын, зейінін дамыту.<br>Ойыншықтар тобын қарастыруды ұсынады, екі «үйді» (бөлінген орындарды) қарап шығуды ұсынады, баламен бірге айтады: «Бұл үй «Көп» деп аталады, мынау «Бір» Содан кейін тапсырма беріледі: Мұқият қараңыз ойыншықтар, ойыншықтарды үйге біріңде біреу, екіншісінде көп болатындай етіп қойыңыз. | "Тағам алыру" сюжетті-рөлдік ойыны.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсаты: балалардың ойын барысындағы қимылдарды орындауға үйрету.<br>Балалардың белгілі бір рөл үшін атрибуттарды өз бетінше таңдауға талпыныстарын ынталандыру; ойын ортасын жетіспейтін заттармен, ойыншықтармен толықтыру. | Саусақпен сурет салу (Ең танымал әдіс)<br>Қажетті құралдар: Арнайы балаларға арналған жуылатын саусақ бояулары (finger paints) және үлкен қағаз (ватман).<br>Ойын барысы: Баланы үлкен қағаздың үстіне отырғызып, бояуды саусақтарымен, алақанымен жағуға рұқсат беріңіз. Бояуға кішкене су араластырсаңыз, сырғанап, балаға ерекше сезім сыйлайды. |
| Серуенге дайындық | (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. Белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білуді қалыптастыру. Шкафтан далаға киетін аяқ киімін алу дағдысын қалыптастыру, көмек сұрау кезінде сөзбен өтініш білдіруді үйрету, қабылдау бөлмесінде салмақты болуды үйрету. Балаларда өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру, аяқ киімнің бауын тағуды үйрету, түймелеудің басқа түрлерін қолдануға жаттықтыру, (түймелер, жапсырғыштар, жүгіртпелер). | | | | |



Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «Қауіпсіздік». Балаларға "бұрыс", "дұрыс емес", "қауіпті" ұғымдарын қалыптастыру, серуенде, ойындарда қауіпсіздік ережелерін сақтау жайында ескерту.<br>Әжем қадап берген түймені,<br>Ешкім жұла алмайды, өйткені<br>Түйме ұясына кіреді,<br>Жымыңдап қарайды, күледі.<br>Түйме ұясынан шықпаса,<br>Еркінмен жүремін, жараса.<br>Түйме салынады, сондықтан<br>Мен бүгін қорықпаймын суықтан. (Д. Ахметова) | | | | |
| **Серуен** | **Картотека №** 9 | **Картотека №** 10 | **Картотека №** 11 | **Картотека №** 14 | **Картотека №** 5 |
| **Серуеннен оралу** | **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, тіл дамыту және көркем әдебиет)**<br>Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуді дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүртуді үйрету. Жеке заттарды қолдану (қол орамал, майлық, орамал, тарақ, түбек), киіміндегі олқылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіруді қалыптастыру.<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың. | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | "Баланың Наурыз мерекесі жайындағы алғашқы ұғымдарын қалыптастырамыз" | "Баланың Наурыз мерекесі жайындағы алғашқы ұғымдарын қалыптастырамыз" | "Баланы Наурыз мерекесіне дайындыққа қалай қатыстыруға болады?" | "Баланы Наурыз мерекесіне дайындыққа қалай қатыстыруға болады?" | "Баланы Наурыз мерекесіне дайындыққа қалай қатыстыруға болады?" |

**Тәрбиешілер : Исмагулова Д.Г Фатхоллина А.Ж**

Scanned with CamScanner

Тексерілген күні: 30.03.2026
Әдіскер: [signature] А.А.Жумагалиева

## ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ
### Наурыз айы

Мектепке дейінгі ұйым : «Балбобек жеке бөбекжайы»
Топ: аралас «Құлыншақ» (ерте жас- кіші).
Балалардың жасы: 2 жастағы балалар.
Қандай кезеңге жасалды (апта күндерін, айды, жылды көрсету): **30.03 - 03.04.2026ж.**
Наурыз «Тәуелсіздік және отаншылдық айы»

| Апта күндері | *Дүйсенбі* | *Сейсенбі* | *Сәрсенбі* | *Бейсенбі* | *Жұма* |
|---|---|---|---|---|---|
| | 30.03.2026 | 31.03.2026 | | | |
| **Апта дәйек сөздері:«Асықпай жүріп, анық бас, еңбегің кетпес далаға». Абай Құнанбаев** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау.<br><br>Сәлемдесу<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>«Кел-кел, ақ бөбек!»<br>Кел-кел, ақ бөбек!<br>Өс-өс, жас желек!<br>Жүре ғой тәй-тәй басып,<br>Балапандармен бірге лек-лек. (Д. Ахметова) | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | "2-3 жасар балаға қандай шығармаларды оқуға болады?" | "2-3 жасар балаға қандай шығармаларды оқуға болады?" | | | |
| **Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)** | «Өнегелі тәрбие»<br>Еңбекті бақылау, қарапайым еңбек тапсырмалары. Өсімдіктерге күтім жасау.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсаты:қоршаған ортадағы өсімдіктермен таныстыру. Ересектердің еңбегін бақылауға баулу. Ересектерге көмектесу ниетін қолдау. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерді бақылау, топырақтың құрғақ болғанына көңіл аудару, су құйғыш арқылы суаруды көрсету; өздігінен құюды қалағалау, мақтау. Сөздік қорын еңбек әрекетін | «Өнегелі тәрбие»<br>Еңбекті бақылау, қарапайым еңбек тапсырмалары. Ойыншықтарды сөреге тізу (құрылыс материалдарды қорапқа салу).<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсаты:ересектердің еңбегін бақылауға баулу, ересектердің әрекеттерді қалай орындап жатқанына балалардың назарын аудару. Ересектерге көмектесу ниетін қолдау. Сөредегі ойыншықтар мен құралдарды ретке келтіруге тарту; еңбек дағдыларын, ұқыптылықты қалыптастыру. Ойыншықтар мен құралдарды тануға, атауға үйрету. | | | |



Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | (жуу, суару, құю) білдіретін етістіктермен байыту.<br><br>«Менің Қазақстаным» Қазақстан Республикасының әнұранын тыңдату.<br>(музыка, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсаты: музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға үйрету. Балалардың жалпы қабылданған моральдық-адамгершілік нормалар мен құндылықтарды меңгеруіне ықпал ету.<br><br>"Мөлдір су" тақпағын мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы (орыс тілінен аударма)<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет, дене тәрбиесі)<br>Мақсаты:балаларды авторлық шығармаларды тыңдауға үйрету. Оқып беруді суреттерді, қимылдарды көрсетумен сүйемелдеу. Балаларды педагогтің көмегімен өлеңді толық қайталауға ынталандыру.<br>Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев "Мөлдір су".<br>Мөлдір су, мөлдір су!<br>Сен менің бетім жу.<br>Отты көзім ойнасын,<br>Екі бетім жайнасын.<br>Күлкі кетпей ерніммен,<br>Тісім тастан таймасын!<br><br>Дидактикалық ойын «Тостағанға тостақ таңдап ал»<br>(сенсорика)<br>Мақсаты:балаларға заттарды түсі бойынша сәйкестендіруді жалғастыру: сары табақша мен сары кесе және т.б.<br>Құрал-жабдықтар: қызыл, көк, сары, жасыл түстер мен кеселер.<br>Балаларға бүгін қуыршақтар қонаққа келетіндігін айтады. Біз оларды күтуіміз керек және бұл үстелде тек табақшалар бар екенін көрсетеді. - Балалар, біздің қуыршақтарымыз шайды немен ішеді? Табақшаны көрсетіп, оның түсін атайды, ал сөреден балалардан бірдей түсті кесе алуды сұрайды. | "Үлкен - кіші" ойыны.<br>(сенсорика)<br>Мақсаты: балаларға заттардың үлкендігі және кішілігі туралы мәлімет беру.<br>Үлкен қорапта әртүрлі көлемдегі ойыншықтар салынған. Балалар қораптың ішінен үлкен және кішкентай ойыншықтарды ажыратып, табулары қажет. )<br><br>"Кімдікі? Онымен не істейді?" дамытушы ойыны.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсаты: ересектердің сөзін түсінуге, қарапайым сұрақтарға жауап беруге, өз ойын айтуға үйрету; зат есім, етістікті қолдануға үйрету. Заттардың кімге қажет екенін анықтау; байланыстырып сөйлеу, есте сақтау қабілетін дамыту. Заттарды және олармен әрекеттерді атауға ынталандыру. | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| …гілік<br>…ттығу | Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене тәрбиесі)<br>1. Бастапқы қалып: жерде аяқтың арасын ашып отырып, шеңберді екі қолмен ұстау;<br>1–1 шеңберлерді қолды бүкпей, бастан жоғары көтеру;<br>1–2 иыққа салып, басқа кию;<br>1–3 бастапқы қалыпқа келу (4-5 рет қайталау).<br>2. Бастапқы қалып: тік тұрып, құрсауларды екі қолымен төменде ұстау;<br>2–1 қолды жоғары көтеріп, шеңбер ұстаған қолды бетке жақындатып, басқа кигізу;<br>2–2 бастапқы қалыпқа келу (3–4 рет қайталау);<br>3. Бастапқы қалып: жерде отырып, аяқты бірге қою, шеңберді екі қолмен ұстап, тізенің үстіне қою;<br>3–1 оң жаққа бұрылып, шеңберді жерге қою;<br>3–2 тіктелу;<br>3–3 сол жаққа бұрылып, шеңберді жерге қою;<br>3–4 бастапқы қалыпқа келу ( 3–4 рет қайталау).<br>4. Бастапқы қалып: аяқты бірге қою, құрсауды екі қолмен ұстау;<br>4.–1 бір бағытта жеңіл секіру;<br>4–2 бастапқы қалыпқа келу ( 3-4 рет қайталау). | | | | |
| Таңғы ас | (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз)<br>Мақсаты:жуу алгоритмін бекіту. Ересектің бақылауымен бетін, қолын тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүртуді үйрету.<br>Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемеу, үстел басында дұрыс отыруды үйрету. Ас ішу құралдарын дұрыс қолдануды үйрету. Тамақ ішкеннен кейін беті-қолды жуғызу.<br>Алақандар қайда?<br>Тығылыпты сайда.<br>Қане, суға тосайық,<br>Жуынайық. (Д. Ахметова)<br><br>Көркем сөз<br>- Дәмді тағам дайын, пай, пай ...<br>Шақырады шебер аспаз апай (ағай):<br>- Қасықтарыңды дайындаңдар!<br>Асықпаңдар, асықпаңдар ... | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық | "Күй күмбірі": "Ел жана" - Төлеген Момбеков (орындаған Біләл Ысқақов) https://kitap.kz/music/2/bil-l-ysqaqtyng-oryndauyndagy-kuyler<br>«Өнегелі»: «Біреуді тыңдауды қалай үйренуге болады?» Мақсаты: балалардың оқылған шығарманы, тәрбиешінің айтқанын белсенді тыңдау қабілеттерін дамыту; ертегіне оқып беру, әңгімені айтып беру. Қауіпсіз жайлы, дамытушы білім беру ортасын қалыптастыру. | | | | |
| | Таңғы сәлемдесу.<br>Жарқырап күн де ашылды,<br>Айналаға гүл шашылды.<br>Қайырлы күн! Біз еңбекқор баламыз!<br>Қайырлы күн! Біз көңілді баламыз!<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсаты:сәлемдесу рәсіміне дағдыландыру; жағымды эмоцияларды дамыту. Балаларға ойыншықтарды | (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет, музыка)<br>Мақсаты:балалардың жалпы қабылданған моральдық-адамгершілік нормалар мен құндылықтарды меңгеруіне ықпал ету. Басқа балалармен бірге, келісіп ойнауға, бір-біріне көмектесуге және жетістіктеріне бірге қуануға баулу. Жақын адамдарының жағдайын эмоционалды қабылдай білуге тәрбиелеу. | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бөлісуді, барлығы бірге тату ойнауды үйрету. Балалардың сөздік қорын көңіл-күйін (қуану, күлу, ренжу), адамдардың қарым-қатынасын (құшақтау, көмектесу) білдіретін етістіктермен байыту. | Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға, өлеңді қайталауға ынталандыру. Балалардың сөздік қорын көңіл-күйін (қуану, күлу, ренжу), адамдардың қарым-қатынасын (құшақтау, көмектесу) білдіретін етістіктермен байыту.<br>Сыңғырла, домбыра!<br>Сыңғырла, домбыра!<br>Күйің таралсын кең далаға.<br>Сыңғырла, домбыра!<br>Сыңғырла, домбыра!<br>Күйің таралсын ауыл-қалаға. | | | |
| **Кестеге сәйкес ҰІӘ**<br>**Ерте жас** | **Дене тәрбиесі**<br>"Бізге қонаққа Алдар Көсе келді"<br>Міндеттері:түрлі-түсті жалаулармен шеңбер бойымен, шашырап жүру және жүгіру қабілеттерін бекіту; педагог белгісі ойынша тоқтап жүру және жүгіру жаттығулары; балаларды педагог белгісі бойынша жалаушаларды көтеру және түсіру, бір жерде салтанатты жүріс дағдыларына жаттықтыру; гимнастикалық орындықта жүру қабілетін, шәшікке (биіктігі 10-15 сантиметр) көтеріліп, одан ересек адамның көмегімен түсу қабілетін нығайту; балаларды секіруге жаттықтыру Денсаулықты нығайту. Дене белсенділігін дамытуға жағдай жасау. Дене шынықтыру әрекетін орындауға қызығушылықты арттыру. Қарапайым қауіпсіздік ережелерін сақтау. | **Музыка**<br>"Бесік жыры"<br>Міндеттер:балаларды бірге ән айту кезінде белсенді болуға баулу. Біртіндеп жеке ән айтуға үйрету. Би мен ойынды қайталау. Балаларды ойын жағдайына белсенді қатысуға шақыру. | | | |
| **Кіші топ** | **Дене тәрбиесі**<br>"Ғарышқа алыс самғайық!"<br>Міндеттері: балаларды секіріп, жоғарыдағы затқа қолды жеткізуге үйрету; жоғары секіру кезінде денені кеңістікте ұстай отырып, көздеген нысанадағы затқа жете білуге машықтандыру; өз дене мүшелерін игере білу қабілетін қалыптастыру; секіру кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтай білуге үйрету. Жалпы дамытушы жаттығуларды соңынан қайталату, балалардың денсаулығын нығайту. | **Музыка**<br>"Еңбек түбі – зейнет".<br>Міндеттері:балаларды қазақ халқының ұлттық аспаптарының (домбыра) дыбыстарымен таныстыру. Әннің мағынасын түсіну, музыкалық аспап домбырада орындалған Дәулеткерейдің "Қосалқа" күйін тыңдау. Әнді жеке және топпен айту. Ырғақты қимылдарды есте сақтай отырып, әуенмен орындай білуге үйрету. Қимылдарды музыкалық аспаптармен (сылдырмақпен) орындау дағдысын дамыту. Ұлттық аспап домбыраны құрметтеу сезімдеріне тәрбиелеу. Музыканың | | | |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Негізгі қимыл түрлерін орындау сапасын жетілдіру. Қимылдарды үйлесімді орындауды дамыту. | сүйемелдеуімен топпен және шеңбер бойынша қол ұстасып жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру. Қарапайым би қимылдарын орындау, ойындар мен әндерді сахналау. | | | |
| | «Геометриялық пішіндерден (таныс силуэттерден) сурет құрастыр» аппликациядан жаттығу.<br>(аппликация, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсаты:балаларды фланелеграфта (қағаз бетінде) жеке бөліктерден тұратын конструктивті тәсілмен сурет құрастыруға үйрету; пішіндерден құралған заттарды атауға, оларды суреттерден танып білуге ынталандыру; затқа бағытталған әрекеттерді орындауға жаттықтыру. | Сюжетті-рөлдік ойын «Отбасы».<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсаты:өз есімі мен жасын, отбасы мүшелерінің аттарын атауға үйрету. Балаларды ойын барысында отбасының тұрмыс-тіршілігін шығармашылықпен бейнелеуге ынталандыру; екі кейіпкер қатысатын сюжеттерде (ана — қыз) өзара әрекеттесу дағдыларын қалыптастыру; бір-бірімен тіл табысып, өзара келісімде ойнау қабілеттерін дамыту. | | | |
| 2-ші таңғы ас | Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) | | | | |
| Серуенге дайындық | (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. Белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білуді қалыптастыру. Шкафтан далаға киетін аяқ киімін алу дағдысын қалыптастыру, көмек сұрау кезінде сөзбен өтініш білдіруді үйрету, қабылдау бөлмесінде салмақты болуды үйрету. Балаларда өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру, аяқ киімнің бауын тағуды үйрету, түймелеудің басқа түрлерін қолдануға жаттықтыру, (түймелер, жапсырғыштар, жүгіртпелер). Сөздік қорды киім, аяқкиім, жеке бас гигиенасы заттарын білдіретін зат есімдермен, қарама-қарсы мәндес әрекеттерді (ашу-жабу, кию-шешу, алу-салу) білдіретін сөздермен байыту.<br>«Қауіпсіздік». Балаларға "бұрыс", "дұрыс емес", "қауіпті" ұғымдарын қалыптастыру, серуенде, ойындарда қауіпсіздік ережелерін сақтау жайында ескерту. | | | | |
| Серуен | Картотека № 10 | Картотека № 17 | | | |
| Серуеннен оралу | (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуді дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүртуді үйрету. Жеке заттарды қолдану (қол орамал, майлық, орамал, тарақ, түбек), киімдегі олқылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіруді қалыптастыру. Сөздік қорды киім, аяқкиім, жеке бас гигиенасы заттарын білдіретін зат есімдермен, қарама-қарсы мәндес әрекеттерді (ашу-жабу, кию-шешу, алу-салу) білдіретін сөздермен байыту.<br>Қанеки, жеңді түрейік,<br>Қолды жуып, күлейік.<br>Құрғатып сүртіп қолды,<br>Орамалды орнына ілейік. | | | | |
| Түскі ас | (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемеу, үстел басында дұрыс отыруды үйрету. Ас ішу құралдарын дұрыс ұстауға үйрету. Балалардың тәбетін ашу. Өздігінен тамақтануға ынталандыру.<br>Ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қоюға ынталандыру.<br>- Дәмді тағам дайын, пай, пай ...<br>Шақырады шебер аспаз апай (ағай): | | | | |



Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | - Қасықтарыңды дайындаңдар!<br>Асықпаңдар, асықпаңдар ... | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | (мәдени-гигиеналық дағдылар, тіл дамыту және көркем әдебиет, музыка)<br>Мақсаты:киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру.<br>Балалардың тыныш ұйқыға жатып, тәтті ұйықтауына жағымды жағдай туғызу.<br>Жағымды музыка әуенімен балаларды ұйықтату.<br>Балалардың жастарына сәйкес көркем шығармалар оқу. Балаларды бесік жырларын, халық әндерін, ертегілерін, авторлық шығармаларды тыңдауға үйрету.<br>«Әлди-әлди, ақ бөпем» (халық ауызынан)<br>Әлди-әлди, ақ бөпем,<br>Ақ бесікке жат, бөпем!<br>Жылама, бөпем, жылама,<br>Жілік шағып берейін.<br>Байқұтанның құйрығын<br>Жіпке тағып берейін. | | | | |
| **Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары** | (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене тәрбиесі)<br>Біртіндеп оянудың жағымды жағдаяттарын ұйымдастыру. Жыл бойы медицина қызметкерінің жетекшілігімен балалардың денсаулығы мен жергілікті жағдайлар ескеріліп, табиғи факторларды (ауаны) пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру.<br>Шынықтыру шараларын өткізу кезінде балалардың денсаулық жағдайын ескеріп, жеке тәсілді жүзеге асыру.<br>Жалпақтабандылықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.<br>Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау.<br>Алақанға арналған "Кірпі" жаттығуы; тікенек допты алақанға салып айналдыру. | | | | |
| **Бесін ас** | "Қолды қалай дұрыс жуу керек».<br>Сабынды қалай дұрыс ұстау, қолды сабындау, оны сүрту керектігін түсіндіру.<br>Тәрбиеші қолды не үшін жуу керектігі жайлы сұрақ қояды. Кейін шараның орындалу ретін айтады, түсіндірме жасай отырып көрсету: Алдымен сабынның жан-жағын сипалаймыз, кейін оны сабын салғышқа салып алақанымызды сипаймыз — бірі екіншісін, енді саусақтарды айқастырып "кірпі" жасаймыз. Артынан қолды қалай сүрту керектігін көрсету.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар) | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | "Дастарханды жаямыз" дамытушы ойыны.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсаты:балаларды ыдыстар мен құралдарды бірыңғай түстер арқылы топтастыруға дағдыландыру; ыдыстарды адамның алдына қалай орналастыратынын түсіндіру; қолдың ұсақ моторикасын, қабылдау, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Құралдар: қатпа қағаздардан қиылған бокал (кесе), қасық, табақшалардың түрлі-түсті кескіндерінің жинақтамалары.<br>Шарты: әрбір бала өзіне ұнайтын бірыңғай түске боялған кескіндерді бір топқа жинайды, әр ыдыстың және құралдың кескінін үстел бетіне дұрыс | "Қуыршақты ұйықтатамыз" ойыны.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсаты:аттарды және олармен әрекеттерді атау. Заттық-бағдарлық әрекеттерді (қарау, тигізу), белгілі бір объектіге арналған нақты әрекеттерді (қуыршақты жатқызу) орындауға баулу. Сөз тіркестерін құра білуге (сын есім + зат есім, зат есім + етістік) жаттықтыру.<br>Балаларды бесік жырларын тыңдауға үйрету.<br>С. Әлімқұлов "Әлди, әлди!"<br>Әлди, әлди, бөпешім,<br>Ән сап берем, кеяе ғой.<br>Жыламашы, көкешім,<br>Жұбатқанға көне ғой.<br>Ұйқың келсе, бөлейін,<br>Тербетейін есікке,<br>Қаз-қаз басып, көрейін,<br>Барып келші есікке. | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | орналастырады: алдына табақшаны, табақшадан жоғары қарай бокалды, қасықты табақшаның оң (сол) жағына. Ойынның нәтижесінде әрбір баланың алдында түсі тек қызыл (көк, жасыл, сары) ыдыс-құралдар жинағы болады. Педагог мысық ойыншығын көрсетіп, балалардан мысыққа көмектесулерін сұрайды.<br>- Сарғыш Марғау қонақжай, үйі оның тап-таза.<br>Сөрелерде ыдыстар, тартпаларда қасықтар.<br>Тап-таза ағаш еден, жайылған теп-тегіс кілем.<br>Гүлдер терезе алдында, өсіп тұр жайқала.<br>Әркімге тәтті тамақ: жаңғақ, құймақ, жапырақ.<br>Кел, қонағым, үйіме: тыың, күшіктер, көжек.<br><br>"Нені киесің?" дамытушы жаттығуы.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсаты: балаларды киіну тәртібіне баулу; киім үлгілерін атап, қайда киетінін айтып беруге ынталандыру. Белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білуді, киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қоюды бекіту. Балалардың сөздік қорын киім, аяқкиім атауларын білдіретін зат есімдермен байыту.<br>Құралдар: қуыршақтың киімдері (киім үлгілерінің жеке суреттері немесе жаңа киімдердің үлгілері). | "Сыйды-сыймайды" дамытушы ойыны.<br>(сенсорика)<br>Мақсат-міндеттер. Қимылдардың үйлесімділігін, қолдың ұсақ бұлшық еттерін, "көз бен қолдың" сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту. Заттарды көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру. Балаларды заттардың үлкен және кішкентай болуы туралы ұғымдарын қалыптастыру; үлкен және кішкентай ойыншықтарды, заттардың көлемдеріне сай үлкен және кішкентай қорапшаларға жинауға жаттықтыру; дұрыс орындалған тапсырма нәтижесінен жағымды әсер алу қабілетін дамыту. | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | «Достық ережесі» дидактикалық сөздік ойын.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Шарты: достық ережесін айтады. Балалар «Иә не жоқ» деп жауап береді.<br>1. Достарға ойыншыққа таласуға болады (Жоқ!)<br>2. Достар тату ойнайды. (Иә!) | "Көлеңкеге не жасырдым?" дамытушы жаттығуы.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Жарты шеңберде отырған балаларға ширма артына әртүрлі ойыншықтар немесе заттар жасырылады. Бұлардың пішіндері үшбұрышқа, дөңгелекке, тіктөртбұрышқа, шаршыға, сопақшаға келеді. | | | |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 3. Достар бір-бірін ренжітеді. (Жоқ!)<br>4. Достар бір-бірін күтіп, кезек береді. (Иә!)<br>5. Достар бір-бірін мазақтайды. (Жоқ!)<br>Топтағы балалардың арасындағы ахуалды үнемі бақылап жүреді. Өзіне балалар арасындағы бар мәселелерді түртіп алып, сол проблемалық мәселелерді алдын ала ойластырып, ойын барысында қосуға кеңес беріледі.<br>Мәселен, топта балаларды тістейтін немесе рұқсатсыз затын алып алатын балалар болса, онда келесі ережені де қосуға болады.<br>6. Достар бір-бірін тістей ме? (Жоқ!)<br>7. Достар бір-бірінің затын сұраусыз ала ма? (Жоқ!)<br>[illegible] | Жеке тақтаға бірыңғай түске боялған (мысалы, көк түс) геометриялық пішіндер жапсырылады. Немесе слайд ретінде көрсетіледі.<br>- Балалар, мен сендерге көлеңке көрсетемін, ал сендер оларға ұқсайтын пішіндерді атайсыңдар.<br>- Жарайсыңдар!<br>Балаларға доп, текше, призма, матрешка, пирамида жасырылып, дұрыс жауап берген балаға беріледі. Егер жауап болмай жатса, біріншi көрсетіп, содан соң ғана жауап алуға болады.<br>[illegible] | | | |
| **Серуенге дайындық** | (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. Белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білуді қалыптастыру. Шкафтан далаға киетін аяқ киімін алу дағдысын қалыптастыру, көмек сұрау кезінде сөзбен өтініш білдіруді үйрету, қабылдау бөлмесінде салмақты болуды үйрету. Балаларда өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру, аяқ киімнің бауын тағуды үйрету, түймелеудің басқа түрлерін қолдануға жаттықтыру, (түймелер, жапсырғыштар, жүгіртпелер).<br>«Қауіпсіздік». Балаларға "бұрыс", "дұрыс емес", "қауіпті" ұғымдарын қалыптастыру, серуенде, ойындарда қауіпсіздік ережелерін сақтау жайында ескерту. | | | | |
| **Серуен** | Картотека № 25 | Картотека № 15 | | | |
| **Серуеннен оралу** | (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуді дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүртуді үйрету. Жеке заттарды қолдану (қол орамал, майлық, орамал, тарақ, түбек), киіміндегі олқылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіруді қалыптастыру.<br>Қәнеки, жеңді түрейік,<br>Қолды жуып, күлейік.<br>Құрғақтап сүртіп қолды,<br>Орамалды орнына ілейік. | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | "2-3 жасар балаға қандай шығармаларды оқуға болады?" | "2-3 жасар балаға қандай шығармаларды оқуға болады?" | | | |

**Тәрбиешілер : Фатхоллина А.Ж Исмагулова Д.Г**



Scanned with CamScanner